Для создания проблемных ситуаций, как правило, выявляются противоречия в информации, способах действий, определяются причинно-следственные связи. Назовем ряд противоречий: есть факт и необходимость его объяснить; противоречие между житейским представлением и научным толкованием фактов; противоречия, связанные с необходимостью применения знаний в конкретных условиях; противоречия, связанные с ограниченностью исходных данных.

К основным способам создания проблемных ситуаций (ПС) относятся: сообщение информации (опорные знания); сопоставление фактов, анализируются факты, явления, ставятся вопросы, предъявляются задания и т.д.

Целью нашей работы явилось создание и разработка заданий по химии окружающей среды, которые могут стать примерами проблемных ситуаций и проблемных заданий. Отмечаем, что ПС чаще всего возникают в следующих случаях: 1) когда обучающийся сталкивается с необходимостью использовать ранее усвоенные знания в новых практических условиях; 2) если имеется противоречие между теоретически возможным способом решения задачи и практической его реализацией; 3) при затруднении обучающегося в обосновании (и осознании) выполняемых им действий; 4) когда обучающийся не знает способа решения поставленной задачи.

Пример 1. Рассмотрим ситуацию. Территория вокруг завода сильно загрязнена стронцием. Известно, что стронций находится в одной подгруппе с кальцием в периодической системе элементов Д.И. Менделеева. Также известно, что кальций – один из важнейших биогенных элементов. В то же время стронций относят к загрязнителям. Вопрос: К каким последствиям для человека и домашних животных это может привести? Каковы возможности предотвращения негативного влияния стронция на организм человека и животных?

На наш взгляд для того, чтобы студент правильно ответил на поставленный проблемный вопрос и корректно использовал свои знания, полученные в предыдущих курсах и в данном курсе «Химия окружающей среды», преподаватель должен дополнить проблемное задание определенными алгоритмами или опорными вопросами. Например, для того, чтобы студент мог представить ответ на поставленный вопрос в проблемной задаче, ему понадобятся следующие знания: а) физико-химические характеристики стронция (из курса общей химии); возможное отрицательное влияние стронция на живые организмы; чем можно объяснить, что стронций отрицательно влияет на живые организмы и как можно предотвратить это влияние. Как можно мотивировать вредное воздействие ионов стронция на организм человека или животных с точки зрения его физико-химических характеристик; необходимы знания и об источниках загрязнения окружающей среды стронцием.

Ожидаемый ответ студента можно описать следующим образом:

Основным реальным источником радиоактивного загрязнения почвенно-растительного комплекса являются глобальные радиоактивные выпадения из атмосферы долгоживущих радионуклидов после ядерных испытаний, а также выбросы техногенных радионуклидов, связанные с работой предприятий ядерного топливного цикла. Основным источником поступления радионуклидов в наземные пищевые цепи является почва. В результате выпадений радионуклиды поступают на земную поверхность, аккумулируются в почве, включаются в биогеохимические циклы миграции и становятся новыми компонентами почвы. Почва является наиболее важным инерционным звеном, и от скорости миграции радионуклидов в почве во многом зависят темпы их распространения по всей цепочке. В результате перемещения в почве и последующего корневого поглощения радиоактивные вещества поступают в части растений, представляющие пищевую или кормовую ценность.

Sr-90 является ведущим с точки зрения радиационной опасности нуклидом на территории, подвергшейся радиоактивному загрязнению с периодом полураспада 28,6 года.

Имеются сведения, что миграционные свойства Sr-90 в почвенно-растительных комплексах существенно отличаются в зависимости от типа почв, механического состава и видовых различий растений. В связи с этим является актуальным вопрос выявления закономерностей миграции радионуклидов Sr-90 в биогеоценозах степной зоны, а также изучение влияния физико-химических свойств почв на поступление Sr-90 в растения. Кроме этого актуальным всегда остается вопрос о влиянии загрязнений на живые организмы [6].

Ответ, касающийся физико-химических характеристик стронция не будем приводить в данном сообщении, так как эти данные подробно приводятся в известных и доступных источниках, однако в ответе студента хотя бы вкратце должны отразиться данные о тех закономерностях, которые подчеркивают особенности химических свойств стронция. Кроме того, обязательно необходимо подчеркнуть, что стронций расположен в одной подгруппе вместе с кальцием в периодической системе Д.И. Менделеева.

Кальций – один из важнейших биогенных элементов, необходимых для жизнедеятельности организма. В составе костей присутствует малорастворимое соединение – гидроксилатапатит $[3Ca_3(PO_4)_2 \cdot 2Ca(OH)_2]$. Поверхность его структурирована мелкодисперсными кристаллами и в этой связи данное соединение вступает в реакции обмена с окружающей средой. Процесс затвердения костей протекает под действием щелочной фосфатазы. Формирование кальция в составе костей или выход из него регулируют и обеспечивают витамин D и паратгормон. Для скелета и для зубов кальций – незаменимый компонент, кроме того он обеспечивает равномерное функционирование нервных и мышечных тканей, улучшает работу сердца и процессы, протекающие в скелете. Ионы кальция уменьшают возбудимость коры головного мозга.

Уменьшение концентрации кальция в живых организмах приводит к тяжелым последствиям. В том случае, если в этот момент в окружающей среде увеличивается концентрация стронция и появляется возможность попадания его в живые организмы, то ионы стронция быстро заменяют кальций на 10%, так как является его аналогом. Присутствие стронция в организме может приводить к тяжелым заболеваниям (могут возникнуть лейкемия – рак крови, рак костей. В то же время необходимо отметить, что если в организме ионов кальция достаточно, то обменная реакция с ионами стронция практически становится невозможной и негативное влияние загрязнения окружающей среды стронцием на организм человека и животных не оказывает.

Стабильный стронций имеет незначительное значение в жизнедеятельности животных и растений, всегда присутствуя в них как неизменный спутник кальция, частично замещая собой последний. Некоторые морские организмы аккумулируют стронций из морской воды (там его 0,013%). Известны радиолярии, скелет которых целиком состоит из сульфата стронция. По данным различных исследований содержание стронция в организме среднего человека (массой 70 кг) составляет около 320 мг. Основными накопителями стронция в организме являются кости и зубы, в который он частично заменяет собой кальций. Повышенное содержание стронция приводит в первую очередь к поражению костной ткани (увеличивается хрупкость костей и быстро разрушаются зубы), а затем поражаются печень и кровь. Содержание стронция в мышечной ткани составляет примерно $(0,12-0,35) \cdot 10^{-4}\%$ по массе, в крови - 0,031 мг/л. Ежедневный прием с пищей составляет около 0,8 - 5 мг. ПДК стронция в воде 8 мг/л, в воздухе для гидроксида, нитрата и оксида стронция 1 мг/м³, для карбоната, сульфата и фосфата 6 мг/м³ [7].

Пример 2. Известно, что в Казахстане имеются запасы бериллиевых руд. Следовательно, при их переработке могут образоваться бериллиевые отходы. По своим химическим свойствам бериллий достаточно активный элемент. Могут ли отходы бериллия оказать вредное воздействие на организм человека?

Опорные вопросы: обратить внимание на химические свойства бериллия; описать



биологические функции; описать возможные последствия воздействия бериллия на организм человека. В то же время необходимо учесть, что бериллий является аналогом магния – важнейшего биогенного элемента, без которого невозможна жизнедеятельность организмов.

Ожидаемый ответ студента: В живых организмах бериллий, по-видимому, не несет никакой биологической функции. Его содержание в организме среднего человека (масса тела 70 кг) составляет 0,036 мг, ежедневное поступление с пищей — около 0,01 мг. Летучие и растворимые соединения бериллия, а также пыль, содержащая бериллий и его соединения, очень токсичны. Бериллий замещает в ферментах магний и обладает ярко выраженным аллергическим и канцерогенным действием. Его присутствие в атмосферном воздухе приводит к тяжелому заболеванию органов дыхания — бериллиозу. Следует отметить, что эти заболевания могут возникнуть через 10 -15 лет после прекращения контакта с бериллием. Для воздуха ПДК для бериллия составляет 0,001 мг/м³ [8]. Известны случаи вымирания сотрудников целых лабораторий физиков, работавших с бериллием (бериллиевые фольги прозрачны для рентгеновских лучей) [9].

Бериллиоз – это системное заболевание, имеющее в основном легочные симптомы. Болезнь начинается как результат отравляющего воздействия бериллия в форме сплава или какого-либо химического соединения. Основным путем проникновения бериллия и его соединений являются органы дыхания, заболевание может протекать в острой или хронической форме. Отравление в острой форме очень редко, в частности, после 1940-х годов, когда началось широкое промышленное использование бериллия, не было сообщено ни об одном случае, тогда же был внедрен гигиенический контроль в производстве, ограничивший высокотоксичные выбросы. Хроническое отравление бериллием не является редкостью [9]. Бериллий и его соединения (в пересчете на бериллий): ПДК, мг/м³ : 0,003 - 0,001 Класс опасности – 1 Особенности воздействия на организм: вещество, способное вызывать аллергические заболевания в производственных условиях, к тому же является канцерогеном [10].

Таким образом, отвечая на вопросы, поставленные в проблемных ситуациях, студент рассматривает раздел дисциплины комплексно, всесторонне.

При изучении дисциплины «Химия окружающей среды» возникает необходимость повторить физико-химические свойства элементов из курса неорганической химии; самостоятельно или с помощью преподавателя изучить литературу о биогенных элементах; знать ПДК элементов или соединений; изучить литературу о вредном воздействии их на живые организмы; попытаться объяснить с точки зрения расположения элементов в периодической системе. Все это позволяет сделать заключение о том, что проблемные ситуации, приведенные в качестве примеров в данном сообщении, отвечают требованиям, так как они ставят обучающегося в условия, требующие от него необходимости проводить сравнительный анализ, обобщить данные и делать соответствующие выводы.

Список использованной литературы:

1. Жук А.И., Кошель Н.Н. *Активные методы обучения в системе повышения квалификации педагогов.* – Мн.: Аверсэв, 2004. – 336 с.
2. Голдовская Л.Ф. *Химия окружающей среды / 2-е изд.* – М.: Мир; БИНОМ. Лаборатория знаний, 2007. – 295 с.
3. Махмутов М.И. *Проблемное обучение: М.: Педагогика, 1975.* – 368 с.
4. Матюшкин А.М. *Проблемные ситуации в мышлении и обучении.* – Изд-во Директмедиа. Публишинг, 2008. – 392 с.
5. Рубинштейн С.Л. *Избранные философско-психологические труды. Основы онтологии, логики и психологии.* – М. 1997. – 463 с.
6. <http://ru.science.wikia.com/wiki/српронций>
7. <http://ru.science.wikia.com/wiki/бериллий>
8. Х.Л. Харди, Л.Б. Теннер и Р.И. Чемберлен из 3 издания *Encyclopaedia of Occupational Health and Safety.*
9. <http://base.safework.ru/iloenc?doc&nd=857400195&nh=0&ssect=0>
10. *Гигиенические нормативы ГН 2.2.5.1313-03 «Предельно допустимые концентрации (ПДК) вредных веществ в воздухе рабочей зоны»*

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ БҮРКЕНІШ АТАУЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ МЕН ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

А.Қ. Қыпшақбаева, А. Бақыт

Аңдатпа. Авторлар мақалада ағылшын тіліндегі бүркеніш атаулардың шығу тарихы мен лексика-семантикалық сипатын, мазмұнында бүркеніш атаулардың тарихын, қазақ халқы мен шет елдерде қолданыстағы маңыздылығын баяндайды. Қазіргі таңдағы бүркеніш атаулардың рөлін көрсеткен.

Аннотация. Авторы в статье рассматривают историю происхождения псевдонимов на английском языке и их лексико-семантическая характеристику, их использование казахским народом и зарубежом. Показана роль псевдонимов на сегодняшний день.

Abstract. The authors consider the history of the origin of pseudonyms in English and their lexico-semantic characteristics, their use by the Kazakh people and abroad. The role of pseudonyms for today is shown.

Тірек сөздер: ономастикалық зерттеу, ағылшын тіліндегі бүркеніш лақап атаулар, ономастикалық лингвокультуремалар, Қазақ ономастикасы.

Ключевые слова: ономастические исследования, псевдонимы на английском языке, ономастические лингвокультуремы, Казахская ономастика.

Keywords: onomastic studies, pseudonyms in English, onomastic linguocultures, Kazakh onomastics.

Ономастиканың зерттелу бағыты XVIII ғасырдың аяғында лингвистикалық қауымда ерекше дамыды. Жер жүзінде ономастика бойынша жыл сайын көптеген ғылыми әдебиеттер мен ресми журналдар: Поляк Халық Республикасының Краков, Варшава қалаларында 1950 жылдан бері «Onomastica», Верклай, Лос Анжелес қалаларында 1958 жылдан бері «Names», Хейлденберг қаласында 1949 жылдан «Beitrag zur Namenfor schung», Парижде 1949 жылдан «Revue internationale d'Onomastique» журналдары шыға бастады [1-5].

Ономастика көптеген жоғары оқу орындарында пән ретінде жүреді. Елімізде тұңғыш рет «Введение в топонимику» атты оқулық белгілі топонимист В.А. Никонов авторлығымен жарыққа шықты. Ономастикалық зерттелулерге байланысты бірінші халықаралық конгресс, А. Дозе бастамасы бойынша, 1938 жылы Парижде өткен еді. Екінші дүниежүзілік соғыс салдарынан бірінші және екінші конгресс тағы да 1946 ж. Парижде өтті. Осыдан кейінгі конгрестер араға екі-үш жыл салып, ономастикалық конгрестің 25 жылдығы аталып, оған халықаралық конгреске ономастиканың теориялық және практикалық мәселелерімен шұғылданушы мамандар қатысты. VIII ономастика конгресінде гидрономия мәселесі қаралса, IX конгрестің тақырыбы жалқы есімдердің хронологиясы болды. Ал Вена қаласында 1969 жылы болып өткен X конгрестің тақырыбы оронимия (тау, шың, төбе, қырат атаулары) еді. Бұл халықаралық ономастикалық конгресс жұмысына кеңес ғалымдары 1966 ж. Лондонда болған IX конгрестен бастап қатыса бастады [1-7].

Бүркеніш аттардың, есімдердің пайда болу себептері мен мотивациясы бүркеніш аттарды зерттеп жүрген ағылшын ғалымдарының қызығушылығын арттырды. Мұндай тарихи қатынас қызық болуы мүмкін, дегенмен оның пайда болу мотивациясы тұрақты емес, ол өзгеруде және анықталуда. Кейде бүркеніш аттың пайда болуы кездейсоқ болуы мүмкін, кейде қазіргі қолданыстағы бүркеніш есімдер мотивацияланбағандай көрінеді. Мысалы: екінші дүниежүзілік соғыстың авиация маршалы Артур Конингемнің “Mary” атты бүркеніш есімі болған. Аталмыш есім Жаңа Зеландия халықтарының Maori деген сөзінен туындаса керек, себебі Артур өз заманында аталмыш елде әуе қызметі бойынша өз борышын өтеген.



Американдық адмирал У. Холсидің мінезі жұмсақ болғанымен, журналистердің ол туралы материалда қателік жіберіп, оның Bill есіміндегі “i”-дің орнына “u” жазылып кеткендіктен “Bull” деген лақап есім берілген. Бұл берілген мысалдарда да бүркеніш есімдер экспрессивті және мотивацияланған болғанымен, образдар бүркеніш есімдерді ешқандай сипаттай алмайды. Бүркеніш есімдердің күтпеген мотивация арқылы жасалып, бірақ түсіндіруге қиын келетін тұстарын Л. Кэрролл өзінің “Alice in Wonderland” ертегісінде ұтымды қолданған.

“The man was an old Turtle – we used to call him Tortoise –” “Why did you call him Tortoise if he wasn’t one?” Alice asked. We called him Tortoise because he taught us,” said the Mock Turtle angrily...

Бұл мысалда бүркеніш аттың пайда болуы, Л.Кэрроллдің пікірінше, “Tortoise” – taught us қарапайым сәйкестігі болды. Ертегіде бұл өте күлкілі, бірақ Maori – Maui сияқты бүркеніш есімдердің пайда болу тәсілі, шынында кездесетініне көз жеткіздік. Аралас типті бірлі-жарым кездесетін бүркеніш есімдерде осындай құрылым болады. Олардың қатарына танымал, атакты адамдардың бүркеніш есімдерін жатқызуға болады: Bloody Mary (Мария Тюдор), Charles the Wise (француз королі Карл V), the Divine Sarah (Сара Бернар француз актері).

Қазақ халқында ерте кезде лақап ат тек адамдарда ғана емес, тіпті кейбір рулардың да бүркеніш аттарының болғаны байқалады. Бұл құбылыс түркі халықтары арасында көптеп кездеседі.

Бүркеніш ат адамның екінші бір ресми аты, жеке адамның екінші, қосымша аты қызметін атқарады. Ағылшын тілінде: “Lady with the Lamp” (сөзбе-сөз: “Шамы бар әйел”) секілді бүркеніш есіммен медбике Флоренс Найтингейл аталған. Ол Ұлыбританияда алғаш болып ауруханадағы қызмет көрсету реформаторы болса керек. Демек, бүркеніш есімдер адамның қосымша аты қызметін атқаратындығын көруімізге болады.

Ағылшын тіліндегі бүркеніш есімдердің мотивациясы мен ішкі формасы да болмайды, олар көбінесе тегіне қатысты болып келеді. Мысалы: Cooper – Coop, Wilson – Willie, Rockefeller – Rocky. Мұндай бүркеніш есімдер функциясы адамды сипаттау емес, бұл тек адамды атаудың стандартты емес тәсілі, яғни антропонимдерді түрлендіру. Бұлар тек бүркеніш есімге эмоционалды-бағалаушылық реңк береді.

Қазақ ономастикасының зерттелу тарихына аналитикалық шолу жасалған еңбекте бұл саладағы зерттеулер 4 кезеңге бөлінген. Соның ішінде жалқы есімдерге қатыстылары мыналар:

1 кезең: 1950 – 1970 ж.ж. (Т. Жанұзақов «Лично-собственные имена в казахском языке» 1961ж; «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» 1965 ж; «Қазақ есімдерінің тарихы» 1971 ж.)

2 кезең: 1970 – 1990 ж.ж. (Т. Жанұзақов «Очерк казахской ономастики» 1982 ж.; Е. Керімбаев «Атаулар сыры» 1986; «Қазақ емісдері» 1988; В. Махпиров «Собственные имена в памятнике X в. «Дивану лугат ат-турк Махмуда Кашгарского» 1980 ж. канд. дисс.)

3 кезең: 1990-2000 ж.ж. (В. Махпиров «Имена далеких предков» 1997 ж; М. Мұсабаева «Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаты» 1995 ж. канд. дисс.; У. Мусабекова «Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков» 1996 ж. канд. дисс. Е. Керімбаев «Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен» 1992 ж. док. дисс.; К. Головина «Сопоставительный анализ идиоэтнических топонимов и антропонимов русского и казахского языков»; К. Жаппар «Эстетические функции имен собственных в поэзии О. Сулейменова» 2000 ж.).

4 кезең: XXI ғасырдың басы, жаңа кезең (Б. Көшімова «Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі» 2001 ж; Б.Досжанов «Қазақ тіліндегі көне антропонимдер» 2003 ж; Д. Керімбаев «Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен этнолингвистикалық сипаты», 2004 ж; Г. Аубакирова «Идиоэтническая семантика и лингвостилистические функции собственных имен в художественном тексте» 2004 ж.; А. Бахамова «Уйгурские

прозвища и их этнолингвистическая характеристика» 2004 ж.).

Сонымен бірге ономастикалық лингвокультуремалардың ұлттық мәдени ерекшеліктерді танытуда атқаратын қызметі ерекше. Себебі ономастика өзінің бойына лингвистикалық, тарихи, өркениеттік және мәдени деректерді жинаған ерекше лингвомәдени бірліктер жүйесі болып табылады. Олар халықтың бітім болмысы мен өмірге көзқарасынан хабар береді. Айтылған мәселе Т. Жанұзақов, Қ. Рысбергенова т.б. ономаст-ғалымдардың еңбектерінде арнайы зерттелген.

Бүркеніш есім түсінігі ағылшын тілді лингвистикада әртүрлі, белгісіз шектеулерде түсіндіріледі. Э. Партридж “nicknames” – ді “қосымша немесе есімдерді ауыстыру” деп анықтама беріп, “nicking” түсінігі жалқы есімдердің туындыларын фамилия немесе жеккөрушілік деген мағынаны береді дегенде, бірінші анықтамаға екіншісі қарсы тұратындығын айқындауға болады.

Ағылшын және американдық баспасөз беттерінде саясат пен байланысты немесе билік басындағыларға бүркеніш есім беру үрдісі кеңінен тараған. Мәселен, Қаржы миинистрі Дэнис Хилли «Dismal Denis» “қара бұлтты қабағы ашылмайтын Денис” деген атқа ие болған. Бұл бүркеніш атаудың шығу тарихы сол кезеңдегі Ұлыбританияның қаржылық жағдайының дағдарысқа ұшырауынан туындаса керек. Консервативті партияның премьер министрі Маргарет Тэтчер «Cold War Witch» “соғыс жалмауызы” атағына ие болған. Аталмыш бүркеніш атау саяси жағдайдың тұрақсыздығынан туындаған.

Бүркеніш атаулар әлем халықтарына кеңінен тараған. Мысалы, Дж.Свифттің 70-тен, В. Скоттың 160-тан астам бүркеніш аттары болған.

Ағылшын тіліндегі бүркеніш атаулар қолданылу сипатына қарай: ситуациялық, ұжымдық бүркеніш атаулар, мектеп қабырғасында аталған бүркеніш есімдер және дәстүрлі бүркеніш атаулар болып бөлінеді.

1. Ситуациялық бүркеніш атаулар. Бұл есімдер белгілі бір топ ішіндегі кейіпкерді көпшілікке танымал ету мақсатында қойылған және ол адамның нағыз шын атымен бәсекелес болуы мүмкін. Мысалы: Том есімді атақты актер болған, ал оның лақап атауы “Shark” яғни акула деген атаумен көпшілікке мәлім болған.

2. Ұжымдық бүркеніш атаулар. Бұл есімдер бір ғана топқа беріледі және ол есім атақты кейіпкердің мінез-құлқына ұқсатылып берілуі мүмкін. Мысалы: John Bull – “Джон Буль” – XVIII ғасырдағы ағылшын жазушысы Джон Арбетнотаның «The History of John Bull» шығармасының кейіпкері. Ол тек алғабасар, мықты жігіт болғасын оны әдеби шығармаларда немесе баспасөз беттерінде ақысын жібермейтін адамдарға қатысты қолданған. Шотландықтарды Jock, Jocks, Sandy десе, Уэльс тұрғындарын Taffy; Ирландықтарды – Mick, Paddy; АҚШ азаматтарын Yankee деп атаса, ағылшындық теңіз солдаттарын Limey деген бүркеніш есіммен атаған.

Сондай-ақ Американың әрбір штатының тұрғындарының өздеріне тән бүркеніш атаулары бар. Мәселен: Badgers – “борсықтар” Висконсин штатының тұрғындарына қатысты айтылса, Hoosiers – “Алпамыстай жігіттер” бүркеніш атауы Индиана тұрғындарына сәйкес айтылған.

3. Мектеп қабырғасында аталған лақап есімдер. Аталмыш есім ағылшын тілінде өте кеңінен тараған. Мысалы: атақты ағылшын жазушысы Д. Сейерс (D.Sayers) – “Swanny” яғни “қаз мойынды” деп атаса, Ч. Кингсли – аузының үлкендігіне байланысты “Cave” яғни “үңгір” деген есіммен атаған. Көбінесе мектеп қабырғасында пайда болған лақап атаулар ашық немесе жасырын әжуаланған түрде кездеседі. Семіз балаларға қатысты мынадай бүркеніш атауларды кездестіруге болады: Ballon, Tubby, Tubs, Tank, Cannon-ball т.б., ал дене бітімі арықтау келген балалар: Bag o’Bones, Broomstick, Matchy, Needles, Skinny, Lanky, Lanky-Panky; бойшаң балалар “Lofty” яғни ‘талшық’; қысқа бойлылар “Dumpy”, “Flea”, “Junior”, “Kipper”, “Microbe”, “Shrimp” деген лақап есімдерді иеленген. Ал сары шашты мектеп оқушылары “Carrots”, “Fire Head”, “Foxy”, “Ginger”, “Red Thatch”, “Rusty” деген бүркеніш атаулармен белгілі болған.



Жалпы халықтың жалпы адамзаттық құндылықтар қатарына кіретін асыл мұраларының бастысы ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, ұлттық болмыс-бітімі мен тілі болып табылады. Антропонимика саласы жер бетіндегі ең күрделі жаратылыс – Адамды, оның есімін зерттей отырып, тұтас бір ұлттық дүниетаным қасиетін анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мадиева Г.Б. Теория и практика ономастики. Алматы: Қазақ университеті, 2003, 28-29 с.
2. Delahunty A. Oxford Dictionary of Nicknames. – Oxford: Oxford University Press, 2003. – 229 p.
3. Just in the „Nick“ of Nicknames. – URL: <http://www.pubclub.com/nicknames.htm> (13.06.2009).
4. Мусабаев Г.Г. Современный казахский язык. I лексика. Алма-Ата, 1959.
5. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, Ана тілі, 1999. – 141 б.
6. Қазақстан тарихы том–I. Алматы: Атамұра, 1996. – 425–427 б.
7. Ержанова Ұ.Р. Ономатикалық бірліктердің ментальді-когнитивтік сипаттары // «Қазақ тілінің лексикология, лексикография, фольклортану мен көркем аударма мәселелері: қалыптасу, дамуы мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2007. - 53 б.

ӘӨЖ: 373.5.01

ҰЛТТЫҚ ҮЗДІКСІЗ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

М.Б. Мансұров, Қ.Ғ. Рахымжанова

Аңдатпа. Мақалада білім беру жүйесінің мақсаты, құрылымы мен сапасына қатысты іргелі мәселелер қарастырылады. Отандық білім беру жүйесін тежейтін негізгі факторы оның ғылыми негізінің болмауы екені айтылады. Авторлар қалыптасқан білім беру жүйесіне терең талдау жасап, оның негізгі мақсаты – оқушыларға, шәкірттерге, мамандарға білім беру екендігін айтқан.

Аннотация. В статье рассматриваются фундаментальные проблемы относительно цели, структуры и качества системы образования. Основным фактором тормозящим развитие отечественной системы образования является отсутствие его научной основы. Авторы провели глубокий анализ существующей системы образования, говорят об основной его цели – дать знания ученикам и специалистам.

Abstract. In this article there are some fundamental problems concerning the aims, structure and quality of the educational system. The main factor which influences the development of the State educational system is the absence of its scientific foundation. The authors conducted a comprehensive analysis of the existing education system, speak of its main goal - to give knowledge to students and professionals.

Тірек сөздер: үздіксіз оқыту жүйесі, оқыту үдерісі, білім жүйесі, оқушылардың таным нысандары.

Ключевые слова: система непрерывного обучения, процесс обучения, система образования, объекты познания учеников.

Keywords: lifelong learning, the learning process, the educational system, the objects of knowledge of students.

Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттілігіне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет.
Н. Назарбаев



Қоғамның даму сатыларының бәріне ортақ адамның өмір сүруіне қажетті шарт – материалдық өндіріс. Оның дамуы өндіргіш күштердің дамуымен анықталады. Өндіргіш күштерді қоғамның үнемі артып отыратын қажеттілігін қанағаттандыру үшін адамдар өздерінің рухани және дене күштерін жұмсап, қажетті сапалық қасиеттерге ие өнімдерді өндіретін тиімді технологиялық үдерістер мен құрал жабдықтарды жасау арқылы дамытады. Дәлірек айтқанда, қажетті сапалық қасиеттерге ие өнімдердің және оларды өндіретін тиімді технологиялық үдерістердің ғылыми негізін жасап, оны өндіріске енгізу арқылы материалдық өндіріспен бірге өзін-өзі дамытатын басты өндіргіш күш – адам. Демек, тұтынысқа қажетті сапалық қасиеттерге ие өнімдерді өндіретін тиімді технологиялық үдерістердің ғылыми негізін жасап, оны қаншалықты өндіргіш күшке айналдырсақ, соншалықты материалдық өндіріс дамиды. Сондықтан отандық материалдық өндірісті дамыту үшін тұтынысқа қажетті бәсекеге қабілетті сапалық қасиеттерге ие өнімдерді өндіретін технологиялық үдерістердің ғылыми негізін жасау және оған қатысты ғылым салаларын ілгермелі дамыту басты мәселе болып табылады.

Маркстің сөзімен айтсақ, ғылым – рухани өндірістің нәтижесі. Ғылымды дамыту үшін алдымен оның жеткен даму деңгейіне дейінгі игерілген ғылыми білімді меңгеру керек. Оқушылар (субъектілер) ғылыми білімді үздіксіз оқыту жүйесінің сатылы сапалық деңгейлеріндегі үдерістерінде таным нысандарымен (тиісті материалдармен) байланыстың қатынасында өзара әрекеттестікте ой қозғалыстарының пайымдау, ой қорыту, ұғым формаларында өздерінің саналарында бейнелеуі нәтижесінде меңгереді. Яғни, оқыту үдерісінде оқушылардың саналы таным әрекеттерінің құрамында игерілетін материалдың болуы немесе өзгеруі оқушылардың саналы таным әрекетінің болуының немесе өзгеруінің шарты болуы тиіс. Басқаша айтқанда, оқушылардың саналары игерілетін материал мен өзара шарттастықтағы қарым-қатынас бірлігін орнатып сақтайтын жаңа оқыту үдерісінің құрылымында (технологиясында) олар өздерінің саналы таным әрекеттерінің деңгейін дамыта отырып, оны игеріп меңгереді. Сонымен қатар, осындай жаңа оқыту үдерісінің құрылымында ғана оқушылар мұғаліммен өзара ынтымақтастықта игерілетін материалмен өзара әрекеттестіктегі қозғалыста өздерін-өздері саналарында танып (самопознание), сапалық қатынастарын өздері бағлап (самооценка), төменгі деңгейдегі сапалық қатынастарының жақтарын (жағымсыз әрекеттерінің тәсілдерін) өздері анықтап, оны теріске шығарып, жоғарғы деңгейдегі сапалық қатынастарының жақтарын (жағымды әрекеттерінің тәсілдерін) өздері анықтап (самоопределение), сол қатынаста әрекет етіп, оны өздерінің бойларына дарытып (самореализация), өздерін-өздері өзгертіп, тәрбиелеп, тұлға ретінде қалыптасып дамиды (саморазвитие). Демек, оқушылар субъект ретінде өз бетінше саналы түрде белсенді әрекет ететін оқыту үдерісінде ғана өзін-өзі тәрбиелеп дамыта алады.

Іргелі ғылыми білімді субъектілер дүниенің сатылы сапалық деңгейлеріндегі заттар мен үдерістердің тұтастықтағы құрылымдарының қалыптасып, төменгі сапалық деңгейдегі формаларынан жоғарғы сапалық деңгейлердегі формаларына өтіп, өзгеріп даму үдерістерінің себеп-салдарлық байланыстардағы қозғалысын зерделеуі нәтижесінде олардың жалпыға бірдей сипаттағы принциптері мен категорияларының байланыс заңдарын игеріп меңгереді. Нәтижесінде субъектілер өздерінің танымдық қабілеттерін пайымдық деңгейден біртіндеп жоғарғы зерделік деңгейге көтеріп, саналарын дамытады. И. Кант айтқандай: «Зерде деп мен бұл жерде ең жоғарғы танымдық қабілетті түсінемін...» [1]. Ал, танымдық қабілеттерін зерделеу деңгейіне көтерген субъектілер заттар мен үдерістердің қалыптасып, өзгеріп, даму үдерістеріне қатысты іргелі ғылыми білімдерді меңгеріп, абстракциядан нақтылыққа өту арқылы оларды тексеріп, бағалап (самооценка), ақиқаттығына көз жеткізіп, өздерін-өзі саналарында танып (самопознание), қажетті қатынастарын, олардың жақтарын, қасиеттерін, байланыстарын өздері анықтап (самоопределение), тұтынысқа қажетті сапаға ие өзіндік өлшеміндегі жаңа өнімдерді өндіру үдерістерінің (технологияларының) ғылыми негізін

жасауға қабілетті болады. Яғни, жасампаздық қабілеттері дамиды. Осындай жасампаздық қабілеті дамыған зерделі ұлт қана бәсекеге қабілетті сапалық қасиеттерге ие жаңа өнімдерді өндірудің жоғарғы технологиялық үдерістердің ғылыми негізін жасап, оны мамандардың білімдеріне айналдырып, өндіргіш күштердің деңгейін көтеру арқылы материалдық өндірісті үздіксіз дамыта алады. Тек сонда ғана ғылым отандық материалдық өндірісті дамытуда өзіндік орын алып, еліміздің даму қоры ретінде өз рөлін атқарады. Демек, рухани жағынан өзін-өзі дамытуға қабілетті жасампаз ұлт қана жоғарғы технологиялардың ғылыми негіздерін жасап, өндіріске енгізіп, өндіргіш күштің деңгейін көтеріп, отандық материалдық өндірістің үздіксіз дамуын қамтамасыз етіп, еліміздің болашағын айқындап, тәуелсіздігін баянды етеді. Сондықтан жасампаздық қабілеті дамыған зерделі ұлтты қалыптастыру – стратегиялық маңызға ие басты мақсат.

Жоғарыда айтқандай, субъектілердің саналы да белсенді таным әрекеттері арқылы ғылыми білімді игеріп меңгеруін қамтамасыз етіп, өзін-өзі тәрбиелеп, танымдық қабілеттерін пайымдық деңгейінен біртіндеп зерделеу деңгейіне көтеріп, жасампаздық қабілеттерін дамытатын – ұлттық үздіксіз оқыту жүйесі. Демек, ұлттық үздіксіз оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – ерік еркінділігіне ие білімді де зерделі, рухани жағынан өзін-өзі дамытуға қабілетті, жасампаз ұлттың қалыптасып дамуын қамтамасыз ету.

Қалыптасқан «білім беру» деп аталатын оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – оқушыларға, мамандарға «білім беру». Қолданыстағы оқыту үдерісі оқу бағдарламасына сәйкес тиісті материалды (білімді) мұғалімнің түсіндіріп «оқытуына» (беруіне), ал оқушылардың түсіндірген білімді қабылдап «оқуына» (алуына) негізделген. Сондықтан қолданыстағы оқыту үдерісінің құрылымында игерілетін материалдың нақты орны жоқ. Ол өзгеріп, формасы түсіндіруге (білім беруге) бейімделіп субъектілінген мұғалімнің білімі рөлін атқарады. Басқаша айтқанда, оқулықтардағы материалдар объективті дүниедегі нақтылықты өзінің тұтастықтағы құрылымын негіздейтін элементтердің жалпыға бірдей байланысында, мазмұны мен формасының бірлігінде танып білуге мүмкіндік бермейді. Сөйтіп, бүгінгі таңда өзекті оқулық мәселесін тудырып отыр. Оқушылар қолданыстағы оқыту үдерістерінің құрылымында мұғалім түсіндіретін игерілетін материалдың мазмұндарын «беретін білімін» қабылдап «білім алып», оны есте сақтаушы объектінің рөлін атқаратын орынға ие. Олар өздерін еркін сезініп, саналы таным әрекеттері арқылы өзара әрекеттестіктегі қозғалыстарын өздері реттеп, басқарып, өзінше танып білуіне мүмкіндігі болмайды. Оқушылар өздерінің шынайы танымдық қабілеттерін дамыта алмайды. Демек, қолданыстағы білім беру жүйесі оқушылардың өзіндік даму үдерісін қамтамасыз ете алмайды.

Сонымен ғасырлар бойы түбегейлі шешімін таппаған дидактиканың негізгі мәселелерінің бірі – оқыту жүйесінің негізгі мақсатын айқындадық. Енді осы мақсатқа қол жеткізу үшін нені және қалай оқыту керек екенін анықтау керек. Біз нені оқытамыз? Бұл мәселені айқындау үшін нақтылықтың (ақиқаттың) нағыз формасы ғылыми білім жүйесі болуға тиісті қолданыстағы оқулықтардағы материалдарға тоқталайық.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты – білім берудің мақсаттары мен міндеттерін, базалық мазмұны мен құрамын, құрылымын, оқу жүктемесінің жоғарғы көлемдерін, білім салалары бойынша күтілетін білім деңгейін, іскерлік, дағдылардың нәтижелеріне қойылатын талаптарды анықтайтын нормативтік құжат. Ол білім беру жүйесінің бастауыш, негізгі, орта және жоғарғы сатылы деңгейлеріндегі мақсаттары мен міндеттерін, жоспарланатын нәтижелерін, оқу пәндері бойынша оқыту үдерістерін, олардың құрылымдарына технологиялық және материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, сонымен қатар жеке пәндер бойынша білім, іскерлік дағдыларының деңгейін бағалау жүйесіне қойылатын талаптарды анықтап белгілейді. Оқу жоспары – білім беру жүйесінің деңгейлеріне сәйкес оқу пәндері мен олардың ретін анықтаса, оқу

бағдарламасы оқу жоспарында көрсетілген пәндер бойынша білім берудің базалық мазмұны мен көлемін, ретін және меңгерілуге тиісті білім мен іскерлік дағдыларының деңгейлерін анықтайтын құжат.

Оқушылардың таным нысандары – дүниенің сатылы сапалық деңгейлерінде нақтылықта өмір сүретін заттар мен үдерістер. Олар туралы ғылыми білімдерді оқушылар қолданыстағы оқулықтардағы материалдар арқылы игереді. Қалыптасқан ұстаным бойынша олардың базалық деп аталатын мазмұндары оқулықтарда пайымдау, ой қорыту, «ұғым», «ғылыми білім жүйесі» формаларында түсіндіріліп баяндалған. Ал оқулықтардағы «ғылыми білім жүйесінің» құрамына енетін салалық ғылым-пәндердің, олардың бөлімдерінің, тарауларының, тақырыптарының алатын орындары мен орналасу реттері оқу бағдарламаларында көрсетілген. Бірақ, оқу бағдарламаларында ғылыми білім жүйесінің орнықтылығы салыстырмалы құрылымдарын негіздейтін пәндердің, бөлімдердің, тараулардың, тақырыптардың олардың элементтерінің саны мен сапалық бірлігінің жүйелік байланыстары айқын анықталмаған. Сол себептен қолданыстағы оқулықтарда ғылым салаларына қатысты пәндер мен бөлімдер, тараулар мен тақырыптар, олардың элементтері бір-бірімен байланыссыз, оқшауланған қатынастарда жинақталып құрастырылған. Қолданыстағы оқулықтардағы материалдарға қатысты Д. Б. Эльконин: «Указывается в программах и общая, внешняя последовательность прохождения учебного материала, но не раскрываются внутренние связи между усваиваемыми понятиями», - деп атап көрсетті [2].

Қолданыстағы оқулықтарда таным нысандарының негізгі қатынастарының, жақтарының мәнді (базалық) қасиеттері мен байланыстарының мазмұндарының жиынтығы баяндалған. Олардың негізгі қатынастардағы жақтарының мәнді қасиеттері мен байланыстарының мазмұндары қаншалықты көп болғанмен оқушылардың саналарында тұтастықтағы ұғым формасын қалыптастыра алмайды. Өйткені, таным нысандары туралы ұғымдар олардың мазмұндарының жиынтығы емес. Дәлірек айтқанда, оқулықтарда баяндалған игерілетін материалдар ақиқаттың нағыз формасы болып табылатын ғылыми білім жүйесі ретінде тұтастықтағы құрылымдарын негіздейтін элементтерінің саны мен сапалық бірлігінің жүйелік байланыстары арқылы негізгі сапасы айқындалып, мазмұндары формаланбаған. Сондықтан қолданыстағы оқыту үдерістерінің нәтижесінде оқушылардың саналарында біртұтастықтағы жүйелі ғылыми білімдердің (ұғымдардың) орнына әртүрлі сапалық деңгейлердегі бір-бірімен оқшауланған қатынастардағы (байланыспаған) түсініктердің жиынтығы қалыптасады. Демек, оқыту үдерістерінде оқушылар саны мен сапалық бірлігінің жүйелік байланысы анықталмаған игерілетін материалдармен өзара әрекеттестікте бірізділікпен белсенді түрде өздерінің саналы таным әрекеттері арқылы үздіксіз ілгерлемелі қозғала алмайды. Сол себептен оқыту үдерісінде саны мен сапалық бірлігінің жүйелік байланысы айқындалмаған игерілетін материалдармен оқушылардың өзара әрекеттестіктегі қозғалыстарында сан өзгерістері сапа өзгерістеріне және керісінше, сапа өзгерістері сан өзгерістеріне өте алмайды. Оқулықтардағы материалдардың тұтастықтағы құрылымын негіздейтін элементтерінің саны мен сапалық бірлігінің жүйелік байланыстарының анықталмауының салдарынан оқыту үдерісі іс жүзінде жүйесіз, белгілі мөлшерде кездейсоқ өтеді. Ендеше тұтастықтағы құрылымын негіздейтін элементтердің жүйелік байланыстары айқын анықталмаған қолданыстағы «білім беру» деп аталатын оқыту жүйесін өзіндік өлшеміндегі, яғни, сан мен сапа бірлігіндегі нақты жүйе деуге бола ма? Әрине, болмайды.

Шындығында, бізді қоршаған дүние де, ондағы жеке заттар мен үдерістер туралы игерілген ғылым да және меңгерген біліміміз де құрылымы жағынан алғанда біртұтастас жүйелік байланыста. Сондықтан оқулықтардағы ғылыми білім жүйесі өзінің салаларына қатысты пәндерге, олар бөлімдерге, бөлімдер тарауларға, тараулар тақырыптарға және тақырыптар элементтерге бөлінуімен ғана емес, сонымен бірге өздерінің орнықтылығы



салыстырмалы тұтастықтағы құрылымдарын негіздейтін пәндердің, пәндер бөлімдердің, бөлімдер тараулардың, тараулар тақырыптардың, олар элементтерінің саны мен сапалық бірлігін орнықтыратын жүйелік байланыстарымен анықталуы тиіс. Гегель айтқандай: «Истинной формой, в которой существует истина, может быть научная система ее» [3]. Демек, оқулықтардағы ғылыми білім жүйесі ақиқаттың нағыз формасы болғанда ғана оқыту жүйесінің тұтастықтағы құрылымын түбегейлі өзгертіп, сапалық өзгеріске қол жеткізуге болады.

Осындай іргелі мәселелері айқындалып түбегейлі шешімін таппаған білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында өткен ғасырда бірнеше рет реформалар жасалып, білім беру құрылымына өзгерістер енгізілді. Дәлірек айтсақ, толық орта білім деңгейіне өту кезеңінде білім беру жүйесі 4 жылдық бастауыш, 4 жылдық орта және 2 жылдық жоғарғы саты болып құрылды. Бұл құрылым жоғарғы мектептердің талаптарына сай емес деп анықталып 1960 жылдардың аяғында 1970 жылдардың басында оқытылатын білім мазмұндары күрделендіріліп, көлемдері ұлғайтылып, мектептің негізгі сатысының оқу мерзімі бастауыш сатының есебінен 1 жылға ұзартылды. Білім беру жүйесінің құрылымы 3 жылдық бастауыш, 5 жылдық орта және 2 жылдық жоғары саты болып өзгертілді. Сол кездің өзінде-ақ жекелеген ғалымдар (Л. В. Занков және т. б.) мәселе, тек мектеп жүйесінің құрылымын өзгертуде ғана емес, нақты табысқа жету үшін оқыту үдерісінің құрылымын (технологиясын) түбегейлі өзгерту қажеттігін ескертті. Бірақ, ол ескерусіз қалды. Сондықтан өзгерген бұл құрылымда мазмұн күрделеніп, көлемі ұлғайған оқу бағдарламаларын оқушылардың білімді сапалы түрде игеріп меңгеруін қамтамасыз ете алмады. Сөйтіп, 15 жыл өткеннен кейін білім беру жүйесінің мәселелері қайта көтерілді. Яғни, 1980 жылдардың ортасында орта мектептің бастауыш сатысындағы оқушылардың білім деңгейі оқу бағдарламаларының талаптарына сай емес деп анықталды. Балаларды 6 жастан мектепке қабылдау арқылы орта мектептің бастауыш сатысының оқу мерзімі 1 жылға ұзартылып, қолданыстағы орта мектеп жүйесі 11 жылдық болып қалыптасты. Білім беру жүйесінің құрылымдық сатыларына жасалған реформалар ғылыми білім жүйесінің сан мен сапа бірлігіндегі ілгерлемелі қозғалыстарының сипатына сәйкес емес. Ғылыми білім жүйесінің формалды негізінен – бастауыш сатысынан бастап келесі нақты негіздегі – негізгі, толық негіздегі – орта және іргелі негіздегі – жоғарғы сатыларындағы сапалық өзгерістер үздіксіздіктің үзілісі – секіріс түрінде өтетін сатыларына, ал сыныптар, әрбір сатының орнықтылығы салыстырмалы тұтастықтағы құрылымдарын негіздейтін элементтердің саны мен өзара әрекеттестегі өзгерістерінің үздіксіз қозғалыстардың даму деңгейлерінің формаларына сәйкес анықталмаған. Өйткені, қолданыстағы оқыту үдерісінің құрылымында мұғалім түсіндіретін («білім беретін») игерілетін материалдың саны көбейген сайын оларды оқушылар қабылдауы («білім алуы») нәтижесінде олар үздіксіз дамиды деген түсінікке негізделген. Сол себептен оның сатылары өздерінің атқаратын функционалдық қызметтеріне қатысты бастауыш, негізгі, орта және жоғарғы деп бөлінген. Сондықтан жасалған реформалар қоғамның даму кезеңдерінде белгілі бір дәрежеде өздерінің рөлдерін атқарғанмен, білім беру жүйесінде қажетті сапалық өзгеріс туғыза алмады. Демек, іргелі мәселелері әлі де болса айқындалып, түбегейлі шешімін таппаған қолданыстағы оқыту мен оның жекелеген элементтерін ғана жетілдіріп (формаларын өзгертіп), ақпараттық технологиялардың жетістіктерін енгізіп, жетілдіріп, дамыған елдердегі оқыту жүйелерінің деңгейлік құрылымдарына сәйкестендіру арқылы қалыптасқан білім беру жүйесінің (тұрлаусыз элементін) оқу мерзімін тағы да бір жылға ұзартып, реформа жасап, 12 жылдық мектепке көшіру де қажетті сапалық өзгеріске алып келмейді. Бұған орта мектеп құрылымын өзгертіп, оқу мерзімін ұзарту арқылы бірнеше рет реформа жасалған қолданыстағы білім беру жүйесінің өзі-ақ айғақ бола алады. Бұл мәселеге қатысты

Д. Б. Эльконин: «На наш взгляд, на основе возрастной организации современной школы лежит ложное представление о психическом развитии как о чисто количественном процессе нарастания знания, интеллектуальных умений, практических навыков. При таком понимании, противоречащем современной психологии, реорганизация образовательной системы возможна посредством или увеличения сроков обучения, или сокращения объема программного материала, или путем соединения того и другого; доведенные до своего логического конца, эти пути становятся тупиковыми. Перечисленные тактические решения сводились к разнообразным эмпирическим попыткам именно на этих путях», - деп жазды [4].

Баска елдердің оқыту үдерістеріне, атап айтқанда 12 жылдық жүйелеріне келсек, әрқайсысының өзіне ғана тән элементтері мен артықшылықтары болғанымен оларда да іргелі мәселелері айқындалып, түбегейлі шешіліп, іс жүзінде ғылыми негізі жасалып дәлелденген нақты нұсқасы жоқ. Бұл туралы А.П. Огурцов, В.В. Платонов: «Российская образовательная система находится в кризисе: от прежней Советской системы мы отказались, а новую не построили... Кризис образовательной системы в России усугубляется кризисом мировой системы образования, неотвечающей на вызовы современности...», - деп атап көрсетті [5]. Сондай-ақ, өзіміздің ұлттық мүддемізді қанағаттандыратын М. Жұмабаев айтқандай: «Мектебімізді таза берік һәм өз жанымызға (ұлттық психологиямызға) үйлесетіндей негізде құрып», қалыптастырудағы тәжірибеміз жеткіліксіз. Сондықтан басты мақсатты іске асыру үшін қолданыстағы оқыту мен оның үдерістерін негіздейтін мұғалім мен ерік еркіндігіне ие оқушылар ғылыми білім жүйесінің сатылы сапалық деңгейлеріндегі орнықтылығы салыстырмалы тұтастықтағы құрылымдарын негіздейтін элементтердің саны мен сапалық бірлігінің байланыстары арқылы өзара әрекеттестікте үздіксіз саналы ой қозғалыстары арқылы оны игеріп меңгеруі нәтижесінде танымдық қабілеттерін пайымдық деңгейінен зияткерлік деңгейіне көтеріп, жасампаз ұлтты қалыптастырып, дамытатын оқыту жүйесінің ғылыми негізі қажет.

Бұл саланы зерттеуші ғалымдар оқытудың тұтастықтағы құрылымдарын негіздейтін элементтердің саны мен сапалық бірлігінің жүйелік байланысы арқылы негізгі сапасының айқындалып, мазмұны формаланып, болмысының қалыптасу үдерістеріндегі себеп-салдарлық байланыстағы қозғалысының мағынасына қатысты іргелі мәселелерін ескермей, ол мүлде болмағандай оны айналып өтіп, қалыптасқан оқыту мен оның үдерістерін, білім беру жүйесін қолданбалы ғылым ретінде ғана зерттеуде.

Оқыту үдерісінің, білім жүйесінің негізгі де, іргелі мәселелерінің айқындалып, нақты қойылып, түбегейлі шешілмеуінің себебі оны зерттеудің философиялық ұстанымы мен әдістемесінің дәл анықталмауы. Оның анықталмауы жалпы педагогика ғылымын, оның негізгі бөлімі дидактиканың дамуына кері әсерін тигізіп, оны тоқырауға ұшыратуда. Бұл – әлемдік оқыту жүйелерінің қазіргі дағдарысының негізгі себебі. Енді оны қолданбалы ғылымның қалыптасқан ұстанымы мен әдіснамасы арқылы зерттеудің еш мәнісі қалған жоқ, ол өзінің бар мүмкіндігін сарқыды. Сондықтан оқыту мен оның үдерісінің, жүйесінің болмыстарының тұтастықтағы құрылымдарын ашып көрсететін философиялық ұстаным мен оларды негіздейтін элементтердің жүйелік байланыстары арқылы іргелі зерттеу жүргізуге мүмкіндік беретін әдіснама қажет. Яғни, бірінші кезекте, субъектілердің үздіксіз ілгерлемелі даму үдерісін қамтамасыз ететін оқыту мен оның сатылы сапалық деңгейлердегі үдерістерінің біртұтастықтағы жүйесінің құрылымын мейлінше толық ашып көрсететін философиялық ұстаным мен олардың құрылымдарын негіздейтін элементтердің саны мен сапалық бірліктерінің мәнді байланыстарын дәл анықтауға мүмкіндік беретін әдіснамасын анықтап алу керек. Өйткені, Ф.Энгельс айтқандай «Зерттеу нәтижесі ғана емес, сондай-ақ

оған апаратын жол да ақиқат болуы тиіс» [6].

Зерттеудің философиялық ұстанымы мен әдіснамасын анықтап, оқытудың жаңа сапалық деңгейдегі ғылыми негізін жасау арқылы осы саладағы ғылымды ғана дамытып қоймай, қазіргі және болашақтағы еліміздің экономикасының барлық салаларына, әсіресе, өндіріс салаларының дамуына қажетті білім негіздерін жас ұрпақтың меңгеруін қамтамасыз ететін ұлттық үздіксіз оқыту жүйесінің негізін құрып, қалыптастыра аламыз. Нәтижесінде, жалпы ғылымның дамуына кең жол ашып, бәсекеге қабілетті қажетті сапаға ие жаңа өнімдерді өндіретін жоғарғы технологиялардың ғылыми негізін өзіміз жасап, еліміздің жоғарғы сапалық деңгейде үздіксіз үдемелі дамуын қамтамасыз ете аламыз. «Сондықтан да бүкіл жаңғырту үдерісінің табысқа жетуінің түйінді факторы ұлттық білім беру жүйесін жаңартудың табысты өтуі болып табылады», - деп Елбасы атап көрсетті [7]. Сонымен, еліміздің өркендеп кемеліне келуі үшін субъектілердің үздіксіз ілгерлемелі даму үдерісін қамтамасыз ететін жаңа ұлттық оқыту жүйесінің ғылыми негізін (ілімін) жасау қажет.

По принципу соответствия (принципа преемственности теорий для точных наук): «Теории, справедливость которых была экспериментально установлена для определенной группы явлений, с появлением новой теории не отбрасываются, но сохраняют свое значение для прежней области явлений как предельная форма и частный случай новых теорий» [4, стр. 6]. Как следствие этого можно прийти к выводу: в точных науках, где теории облачаются в достаточно строгую математическую форму, необходимо указать зависимость между математическими аппаратами смежных теорий; новая теория должна содержать в себе некоторый параметр, которого нет в предшествующей теории; новая теория должна строиться так, чтобы при устремлении этого параметра к предельному значению она переходила в предшествующую теорию. При выполнении таких условий новая теория выступает как обобщение старой и включает ее в себя в качестве своего частного или предельного случая. Разумеется значение этого параметра или точнее, направление обобщения старой теории невозможно предсказать. Физикам этот принцип позволял проверять правильность создаваемой теории. Если им не удавалось найти соответствия своих построений с теорией Ньютона, то они понимали, что их конструкции не могут быть верными. По мере развития физических теорий этот принцип стал пониматься как определяющий соответствие между классической и постклассической физикой, их логическую связь и условия перехода от одной к другой. Необходимо отметить, что принцип соответствия в его количественной формулировке действует в полной мере лишь в рамках научных теорий, которые пишутся на языке математики. В науках, основные положения которых не выражаются в математических формулах, работает принцип преемственности теорий в своем общем виде, в частности в теории обучения.

Список использованной литературы:

1. Мубаракوف А.М. *Научно-методические основы преемственности обучения математике в системе непрерывного образования // Автореферат дисс. на соиск.ученой степени доктора пед.наук. – Алматы, 2003. – 70с.*
2. Лакатос И. *Доказательства и опровержения. – М., 1967.*
3. Перминов В.Я. *Развитие представлений о надежности математического доказательства. – М., 1986.*
4. *Принцип соответствия. Историко-методологический анализ /отв. ред. Б.М. Кедров, Н.Ф. Овчинников. – М., 1979.*



ТЕСТ ҚҰРУДА ЖӘНЕ САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУДЕ ISPRING QUIZMAKER ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.Ж. Жетимекова

Аңдатпа. Мақалада тест құру үшін және сауалнама жүргізу үшін қолданылатын интерактивті iSpring QuizMaker құралы туралы ақпарат келтірілген. Мақалада сонымен қатар iSpring QuizMaker құралындағы саймандар туралы, олардың оқыту үрдісінде қолданылу ерекшеліктері туралы айтылған.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности использования iSpring QuizMaker в составлении тестов и проведении опросов, также раскрываются особенности использования инструментов iSpring QuizMaker и их применение в образовательном процессе.

Abstract. In this article considers the features of use of iSpring QuizMaker in drawing up tests and carrying out polls are considered. Also there features of use of the iSpring QuizMaker tools and their application in educational process are considered.

Тірек сөздер: білім берудегі тест, тестілеуші программа, техникалық ерекшеліктер, тестілеу құралдары, тест нәтижелерін өңдеу, программалық мүмкіндіктер.

Ключевые слова: тест в образовании, тестирующие программы, технические характеристики, тестирующее оборудование, обработка результатов тестирования, возможности программного обеспечения.

Keywords: test in education, testing programs, technical characteristics, testing equipment, processing of test results, software capabilities.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасында: «Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысты білім беру және технологияларды жетілдіру болып табылады», - деп атап көрсетілгендей, қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе: әлеуметтік-педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау болып отыр. Қазіргі таңда білім алушылардың білім деңгейін тексеру үшін ең тиімді және ең ыңғайлы түрі – тестілеу қолданылады. Тест тапсыру формаларына қарай жеке, топтық, ауызша, жазбаша, бланкілік, компьютерлік, вербальды және вербальды емес болып бөлінеді. Дәстүрлі тестілерге жататындар: гомогендік және гетерогендік. Дәстүрлі емес тестілерге: интегративті тестілер, адаптивті тестілер, критерилі-бағытталған тестілер. Ақпараттық технологияның даму қарқынымен тестілерді құру және басқарудың бірнеше бағдарламалық қамтамасыз ету технологиялары пайда болып, қолданысқа ену үстінде. Осындай технологияның негізінде iSpring QuizMaker 7 кең қолданысқа ие болып отыр. iSpring QuizMaker 7 – интерактивті тестіні құруға арналған жаңа құрал болып табылады. Аталған құралды пайдалану үшін төменде келтірілген мүмкіндіктерді пайдаланған қолданушы үшін және тест тапсырмаларын өңдеуші үшін де тиімді.

Тестіні құру үшін келесі кезеңдер міндетті түрде ескерілуі қажет:

- ыңғайлы және түсінікті интерфейс;
- бағалауымен немесе еркін жауап бере алу мүмкіндігі бар тест құру;



- басқа тестіден сұрақтарды импорттау;
- Excel-ден сұрақтарды импорттау;
- тест сұрақтарын қайта қарастыру.

Тестіні баптау үшін келесі бөлімдер міндетті түрде таңдалуы керек:

- таңдалған жауап нұсқасымен тармақталады;
- дұрыс жауап туралы мәлімет беріп отыруды баптау;
- файлдың көлемін кішірейтуді баптау.

Нәтижені бақылау келесі бөлімдерді таңдағанда іске асады:

- қашықтықтан білім беру орталығымен бірігіп кез келген SCORM/AICC ортамен интеграциялау;

- TinCan-мен интеграциялау;
- қашықтықтан білім беру орталығына iSpring Online арқылы егжей-тегжейлі статистика;
- нәтижені электрондық поштаға жіберу;
- нәтижені серверге жіберу;
- тест нәтижесін басып шығару;


Тестіні рәсімдеу – сұрақтар макетін таңдаумен, фон түсін өзгертумен, кескінді немесе фон сапасындағы текстураны таңдаумен, сұрақтың ашық фонымен, сурет және формула қосумен, жауап үшін анимацияны баптаумен, жауаптар нұсқасы үшін бірнеше баған болуымен, түстің, өлшемнің және шрифтіннің стилінің өзгеруімен, басқару элементінің жазбасының өзгеруімен, плеердің түсінің өзгеруін басқарумен орындалады.

Тест өткізу жағдайын баптау үшін өңдеуші келесі қызметтерді орындауы қажетті:

- сұраққа берілетін балдың саны;
- толық емес жауапты қабылдау мүмкіндігі;
- жауаптың әр нұсқасы үшін балл саны;
- тестіні тапсыру уақытын шектеу;
- сұраққа жауап беру уақытын шектеу;
- тестіні тапсыру әрекетінің саны;
- сұрақтың жауабын беру әрекетінің саны;
- дұрыс емес жауап үшін айып;
- межелі баллды беру мүмкіндігі;
- көрсетілген шкала бойынша нәтижені санау.

Тест сұрақтары – 23 типті сұрақтардан, түсіндірме үшін ақпараттық слайдтардан, сұрақтар топтамасынан, сұрақтар мен жауаптар нұсқасын араластырудан, видео, аудио, сурет, Flash-роликтер мен формулаларды қосудан, жауаптар нұсқасына суретті қоюдан, ыңғайлы мәтіндік редактордан тұрады. iSpring QuizMaker 7 құралының ерекшелігі болып тестіні жариялау бөлімі табылады. Бұл оқытушы үшін де, білім алушы үшін де ең тиімді жол.


iSpring QuizMaker 7 құралы төменде көрсетілген құрал саймандар панелінен тұрады. (1-сурет)



1-сурет – Құрал-саймандар панелі




iSpring QuizMaker 7 құралының негізгі жұмыс жасау беті төмендегі суретте көрсетілген. (2-сурет). Осы беттің көмегімен тест тапсырушы үшін негізгі ақпараттарды енгізуге болады. Ол ақпараттардың барлығы слайд түрінде көрсетілген.



2-сурет – Тестіні құрудың негізгі беті


Тестіні өңдеуші сұрақтарды топтастырмас бұрын тестінің типін таңдауы маңызды бөлім болып табылады. Төменде көрсетілген суретте тест типінің түрін таңдауға мүмкіндік бар (3-сурет).



3-сурет – Тест сұрақтары немесе сауалнама бетін таңдау


Тест сұрақтарын жариялау үшін немесе қолданушыға соңғы нұсқасын ұсыну үшін плеердің жұмысын баптау керек (Сурет 4).





4-сурет – Плеердің қызмет ету ортасы

Толық дайын болған тест сұрақтарын жариялау тест құрудың соңғы қадамы болып табылады. iSpring QuizMaker 7 ортасында 5-суретте көрсетілен батырма арқылы соңғы қызметті атқаруға болады. iSpring QuizMaker 7 құралында тестіні жариялау келесі бөлімдерді қосып қызмет етеді: бір Flash-файл (.SWF); - HTML5-форматты; комбинирланған Flash+HTML5 форматы; iSpring Mobile App-те жүктеу және iPad-қа сақтау; SCORM/AICC/TinCan форматында жариялау; қашықтықтан білім беру жүйесінде BlackBoard-те жариялау; Microsoft Word-қа экспорттау; резервті көшірмесін құру.



5-сурет – Соңғы қызметті атқару

Соңғы кезде уақыт көрсетіп отырғандай, оқытушымен салыстырғанда білім алушыда көп ақпарат болатынын тәжірибелер дәлелдеп отыр. Сондықтан әрбір оқытушы өз қызметіне ақпараттық технологияны пайдалана білуі қажет. Бұл мәселе – білім беруді ақпараттандырудың қажетті шартына айналып отыр. Оқу үдерісіне компьютерді оқыту құралы ретінде қолдану, оның мүмкіндіктерін жаңа материалды баяндауда (білімді виртуалды өмірде қолдану), үйрету бағдарламаларын қолдану арқылы виртуальды лабораториялық жұмыстарды жүргізу, баяндалған материалды бекіту (тренинг), білім алушының білім деңгейін тестілеу, Интернет-технологияларды қолдану арқылы оқытудың сапасын арттыру – оқытудың тиімділігін беріп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.ispring.ru/products.html>
2. Роберт И. В. *Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы; перспективы использования.* // М.: Школа-Пресс, — 1994.205 с.
3. Қазақстан Республикасы мектептік білім беру ұйымдарындағы электрондық оқыту жүйесі туралы ереже. / Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығы.



ОТАН ТАРИХЫН ҰЛТТЫҚ ТҰРҒЫДА ЗЕРДЕЛЕУ УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қ.Б. Әдиет

Аңдатпа. Мақалада Отан тарихын ұлттық тұрғыда зерделеудің өзекті мәселелері қарастырылады. Тарих ғылымы тәуелсіздікті нығайтуға қызмет етуі тиіс екені белгілі. Шетелдерде Қазақ елі тарих сахнасында тек 1991 жылы ғана пайда болған, өткен тарихы жоқ мемлекет екен деген қате күдікті пікірді қалыптастырмайтын деңгейге жеткізуіміз керектігі айтылады.

Аннотация. В статье рассматриваются актуальные вопросы изучения отечественной истории в национальном контексте. Историческая наука должна служить укреплению независимости. Говорится о необходимости разрушить миф о том, что казахское государство появилось на исторической арене лишь только в 1991 году.

Abstract. In this article, are generally considered current issues of the study of the national history in the national context. Historical science should serve to strengthen independence. It is said about the need to destroy the myth that the Kazakh state appeared on the historical arena only in 1991.

Тірек сөздер: Қазақстан тарихы, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы, Ұлттық идеология
Ключевые слова: История Казахстана, общенациональная идея «Мәңгілік Ел», национальная идеология.

Keywords: History of Kazakhstan, national idea «Мәңгілік Ел», national ideology.

Тарих ғылымы тәуелсіздікті нығайтуға қызмет етуі тиіс екені белгілі. Қазіргі Отан тарихы ғылымының мемлекетіміздің түп-тамыры тереңде екенін біртұтас дүние, тарихи тамыры ғасырлар тереңіне бойлайтын, ежелгі мемлекет ретінде танытатын уақыт жетті. Шетелдерде Қазақ елі тарих сахнасында тек 1991 жылы ғана пайда болған, өткен тарихы жоқ мемлекет екен деген қате күдікті пікірді қалыптастырмайтын деңгейге жеткізуіміз керек. Осыған сай былтырғы жылғы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиындағы Елбасының «Тәуелсіздік толғау» сөзінде, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясында Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев ұлттық тарихқа тереңнен қарап, қайта сараптама жасап, әділ бағасын беру жөнінде ұсыныстар айтты. Отандық тарих мәселелеріне жасаған қамқорлығының бірі өзі мұрындық болған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы болған ақиқат. Ол тарих ғылымының дамуына, рухани дүниемізді қайта қалпына келтіруге зор әсер тигізген. Тәуелсіздік пен мемлекеттіліктің бір де болса бірегей нышаны – төл тарихтың бары мен жоғын бұрмалаусыз, боямасыз, тек ақиқат биігінен зерделеу [1].

Әрбір мемлекет өзінің дамуы барысында ең алдымен мемлекеттің тарихына ерекше орын береді. Қазіргі күнге дейін Қытай мен Иранда тарих мемлекеттіліктің ажырамас бір бөлігі саналады. Бұл Ұлт тарихына құрметпен қараудың үлгісі, Түркияда да республика құрылғаннан бастап отан тарихы ғылымын дамытуға, жетілдіруге ерекше мән берілді. Бастама ретінде 1930 жылы түрік елінің басшысы Мұстафа Ататүрк: «Алдымен ұлтқа тарихын, ұлтының асыл екенін, барша мәдениеттің анасы – алдыңғы қатардағы ұлттың ұрпағы екенін үйретуге тиіспіз», – деп атап өтті [2]. Елімізде де тарих ғылымы қоғамдық-саяси өмірдің алдыңғы қатарына көтерілді. Былтырғы жылғы Марат Тәжиннің төрағалығымен ұлттық тарихымызды зерттеу жөніндегі ведомствоаралық отырысы өтіп, онда ұлттық тарихымызды зерделеудегі «Тарих толқынындағы халық» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың мәселелері тағы бір қаралып, нақтылы міндеттер қойылды. Тарих ғылымының өкілдері ғылымды, білімді, мәдениетті дамыту саласына, жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне белсене атсалысу керек екені көрсетілді. Бұл өте орынды талап, өйткені халықты, жастарды тарих



арқылы тәрбиелеу – еліміздің азаматтарына, тәуелсіздік туын алып жүрушілерге аса қажет отаншылдық сезімнің ұшталуын қамтамасыз етеді. Уақыт талабы – заманауи тарихи сананы жаңғыртуға қалың көпшіліктен бастап ғалымдарға дейінгі жұртшылық атсалысуы қажет екендігін ескертуде. Ғасырлар бойы азаттық пен тәуелсіздікті армандап, көптеген қиындықтарды басынан өткеріп бүгінгі бейбіт күнге жеткен халқымыздың тарихын жаңаша көзқарас тұрғысынан таразылау заңды құбылыс. Сондықтан да бұл өмірлік мәні бар тапсырманы әрбір отаншыл қазақ менің болашағым үшін қажет дегенде ғана жүзеге асыра алады. Бұл мәселеде кәсіби тарихшыларға жауапты жүк артылып отыр. XX ғасырдың басында зиялылар тағдыр сынын қалай көтерсе, XXI ғасыр басында да жаһандық мәселелер ортасында қиындықты жеңіп шығатын, әлемдік тарихтағы Қазақ елінің орнын ойып көрсете алатын зиялылар ғана жаңа тарих сахнасынан көрінері хақ[3]. Қазіргі уақытта қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытудың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық маңызы бұрынғыдан да арта түсуде. Оларға «Білім туралы Заң», «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы» сияқты мемлекеттік құжаттарда да айрықша көңіл бөлінген. Аталған салаларда білім беруде Қазақстан тарихын оқытудың орны ерекше. Өйткені өзінің туып-өскен өлкесінің, елінің және оның халықтарының тарихын жақсы білмеген жас ұрпақ өз халқын білмейді. «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек», - дейді Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев.

Тарих – халықтың зердесі. «Өткенді білмей болашақты болжау мүмкін емес». Мұндай қанатты сөздердің түпкі мағынасы, ел үшін, мемлекет үшін тарихтың маңызы жоғары дегенге келіп тіреледі. Ендігі жерде ақиқат тарихты жазу ұлтшылдық деп саналмайды. Себебі, шынайы ел тарихын білу арқылы тарихи сана қалыптасады, тарихи сана арқылы ұлттық сана өсіп жетіледі, ұлттық санамыз биік деңгейге көтерілсе, егемендігіміз тұғырлы болатыны анық.

Қазіргі кезде Қазақстан сияқты мемлекеттің алдында тұрған міндет біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру және мемлекетті құрушы негізгі ұлттық озық дәстүрлерімізге сүйене отырып, жастар санасына туған халқының дүниетанымына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, әлемдік деңгейдегі өркениет құндылықтарын тиімді пайдалана білетін ұлттық рухты сіңіру, туған халқының мемлекеттік тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін меңгере білуге баулып, оны қалыптастыру [4]. Мемлекеттің дамуына тікелей әсер етуші факторлардың бірі салиқалы саясат, тұрақты экономикамен қатар, ұлттық идеология екені белгілі. Ұлттық идеология қоғамды бір мақсатқа жұмылдырып, сол мақсатқа жетуде бірігіп әрекет етуге шақырады. Ұлттық идеологияны қалыптастырудың жолы көп. Соның бірі және бірегейі ұлт тарихы болып табылатыны сөзсіз. Ұлттық тарих пен тәуелсіздік идеясы қашанда болсын тамырлас екендігі бәрімізге белгілі жайт. Ал, оны қалыптастырудың жолдары мен кейбір мәселелерін талқылау қазір маңызды. Елбасымыз «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауалға да толықтай жауап берді. «Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел», - деді Елбасы [5].

Бүгінде еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін Отан тарихын зерттеуде бірнеше ғылыми бағыттар қалыптасты. Осы бағыттар негізінде бүгінгі күнге дейін бірнеше ғылыми еңбектер жазылып, тың тұжырымдар жасалды. Заман талабы мен жаһандық құбылыстың өзгеруі ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру мәселесіне де жаңа көзқарастарды туындатты. Осы тұрғыда алыс-жақын шет елдер мұрағаттарынан бірқатар тарихи қолжазбалар жеткізілді. Осы сынды сан салалы шаруалар қолға алынды. Кез келген жас ұрпақ әлем елдері тарихынан да хабардар болуы керек. Біздіңше, басым бағытты ұлттық тарихымызды

зерттеу мен білікті оқытылуына мән беру қажет. Дамыған бірқатар елдер үшін тарих оқыту ғана емес, тәрбие құралы да болып саналады. Дамыған елдердің бұл тәжірибесін тереңірек еліміздің оқытумен қатар тәрбие беру саласына да енгізгеніміз абзал. Қандай да бір тәуелсіз мемлекет өз қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін нығайта түсуі қажет. Оған рухани жаңғыру мен діни наным-сенімнің де айтарлықтай рөлі бар. Ал, тарихи білім ұлттың тарихын жетік біліп, шынайы сезінгенде ғана тәрбие құралына айналады. Ұлттық сана сезім ұлт тарихын тану арқылы қалыптасады. Қазіргі заманда елімізде «тарихтан тәрбие», «тарихтың тәрбиелік күш-қуаты» деген негізді ұғымдар біздің мәдениетіміз бен қоғамдық өмірімізде қолданысқа еніп келе жатыр. Әсіресе, тәуелсіздік алған уақыттан бері мемлекеттің алдында жас ұрпақты жаңаша тарихи көзқарас тұрғысынан оқыту мен тәрбиелеу міндеті қойылды. Ондағы мақсат тарихын білетін, ұлты мен мемлекетін сыйлайтын жас ұрпақты тәрбиелеуге байланысты еді. Міне, осындай рухани ұлттық құндылықтар мен тарихын терең білетін ұрпақ қана ұлтжанды болып өсетіндігі сөзсіз [6].

Қазақ елінің тарихына қатысты өз пікірін білдірген қазақ зиялысы А. Байтұрсынов былай деп жазған еді: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел, қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады». Демек, Отан тарихын тарихшылар өз дәрежесінде зерттеу үшін тарих ғылымының теориясы мен методологиясына баса назар аударуы қажет екенін өз сөзінде деректанушы ғалым Қ.М. Атабаев Отан тарихы ғылымының методология мәселесіне байланысты мынадай тұжырым жасаған: «Отандық тарих ғылымындағы басты кемшілік – методологиялық кемшілік. Барлық ғылымның негізі методологияда жатыр. Методологиялық, теориялық мәселелерді анықтап алмай, басқа ғылымдар сияқты, тарих ғылымының да өз дәрежесінде дамуы мүмкін емес. Қазақстан тарихы ғылымының міндеті, функциясы не болуы керек? Алдымен, осыны анықтап алуға тиіспіз. Ең бастысы методологиялық проблема – осы. Қазақ тарихы ғылымының міндеті – қазақ ұлтының тарихын зерттеу болуы керек» [7]. Ә. Бөкейхан қазақ тарихын жазу үшін алдымен оның мәдени болмысына көңіл аудару қажеттігін жазады. Ол, «жақсы көркем жырда сол уақыттағы қазақтың болмыс-салты көрініп тұруға лауық (лайық). Тарихтың сара жолы екіге бөлінеді. Бірі бөлек тарихтың пайдаланған соғыс істері. Біздің қазақ білетін тарих осы... Тарихтың екінші түрлісінің (мұны орыс тілінде история культуры дейді) пайдаланғаны – жұрттың болмыс-салты, рухани мәдениетінің дәрежесі. Бұлардың бәрі сол жұрттың сол замандағы тіккен үйінен, киген киімінен, ұстаған аспаптарынан, сөздерінен білінеді. Анық тарих – осы екіншісі. Бұған жем нәрселер (материал) жақсы, шын ақындар шығарған, бұзылмаған жырларда болады», – дейді [8]. Тарихқа арқа сүйемесе болашақ бұлдыр. Жер бетінде мән-мағына мен құндылықтардың мылтықсыз майданы күн сайын жүріп жатқан қазіргі күнде тарихи жадыны сақтап қалу – жалпы өзінді өзің сақтап қалудың жалғыз жолы. Сондықтан тарихшы ғалымдарға артылар жүктің қаншалықты ауыр екені айтпаса да түсінікті. Біздің алдымызда бұған дейін ұлттық тарихта шешілмей келген ауқымы жағынан аса үлкен міндет тұр. Қазір, мемлекетіміздің қалыптасқан белесінде біз өз тарихымызды осы заманғы ғылымның биігінен пайымдауға және ұлттық тарихтың бөлінбейтін бейнесін қалыптастыруға тиіспіз. Ұлттық тарих қоғамдық ғылымдардың арасында орталық буынға айналуға тиіс.

Ойды қорытындылай келе, Елбасымыздың ұлттық тарихты зерттеуге қатысты берген тапсырмаларын жүзеге асырудың мәселелері аясында берілген міндеттердің бәрін шешу үшін білім беру ұйымдарында тарихты оқытудың осы заманғы және шын мәніндегі ғылыми біртұтас мемлекеттік жүйесін (стандарт) жасау керек. Ол осы заманғы зерттеу тәсілдері мен оқыту әдістеріне негізделуге тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттр тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында» Алматы «Атамұра», 2003 ж., 213-215 беттер



2. Atatürk'ün tarih ile ilgili sözleri. <http://www.ataturkdevrimleri.com>
3. Әбжанов Х. «Ұлт тарихына жаңаша методологиялық көзқарас» // Отан тарихы №3, 2013, 22-26 бет
4. Төлеубаева К.М. Отаншылдық рухы әлсіремесін десек // Қазақ тарихы, 1998 № 3, 52-57 бет
5. «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы
6. Алимova Д.А. История как история, история как наука в 2-х томах, том 1. - Ташкент: - «Узбекистан» - 2008. – 116-117 стр.
7. Атабаев Қ.М. Ұлт және тарих / Бас редактор Б.Ф. Аяған. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 35-б.
8. Бөкейханов Ә. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: 1995. 302 б.

ӘОЖ 37. 016. 02:004 (574)

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ОҚЫТУДЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ТАЛДАУ

Д.С. Байғожанова, А. Қуан, М.А. Байғожанова

Аңдатпа. Мақалада қашықтықтан оқыту технологияларын қолданудың теориялық негіздемесі қарастырылады. Шет елдерде және біздің елде білім саласына енгізілген қашықтықтан оқытуға талдау жасалады. Сонымен қатар, қашықтан оқытуды заман талабына сай жетілдіру мен енгізудің қажеттілігі жөніндегі мәселелер баяндалады.

Аннотация. В статье рассмотрены теоретические основы использования технологий дистанционного обучения. Анализируется использование дистанционного обучения в зарубежных странах и нашей республике. Излагаются проблемы о необходимости развить и внедрить современные условия дистанционного обучения.

Abstract. In this article describes the theoretical basics of using distance learning technologies. Analyzed using of the distance education in other countries and in our country. Outlines the problems of the need to develop and implement modern conditions of remote training.

Тірек сөздер: қашықтан оқыту, телекөрсетілім, бейнесабақтар, Lotus Learning Space жүйесі, мультимедиялық дәрістер, виртуалды зертханалық практикумдар, компьютерлік тестілеу жүйелері.

Ключевые слова: дистанционное обучение, телеконференция, видеоуроки, система Lotus Learning Space, мультимедийные лекции, виртуальные лабораторные практикумы, системы компьютерного тестирования.

Keywords: distance learning, teleconferencing, video tutorials, the system Lotus Learning Space, multimedia lectures, virtual laboratory workshops, computer testing systems.

Заман талабына сай педагогикалық, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың барлық мүмкіндіктерін білім беру салаларына қолдануға негізделген «Қашықтықтан оқыту» әдісін оқу үрісіне кеңінен енгізу бүгінгі күнгі кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Олай деуімізге негізгі себеп Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев бекіткен Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Мұнда 2020 жылға қарай өмір бойы оқу үшін – жасына, білімі мен кәсіби біліктілік деңгейіне қарамастан жағдайлар жасалатындығына тоқтала отырып, оны жүзеге асырудың бір жолы – жоғары білім беру жүйесінде «қашықтықтан оқыту» екендігі және «Қайта даярлау мен біліктілікті арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қашықтықтан оқытумен қамтамасыз ету мақсатында олардың интерактивті жабдықтармен жарақтандырылатыны», - атап көрсетілген. Сонымен қатар, «қашықтықтан ақпараттық хабарландыру арқылы ата-ана мен білім беру ұйымы бірлесе отырып мектеп оқушыларымен байланыс жасауды жүзеге асыру» көзделеді [1].



Білім беру саласына елімізде елеулі көңіл бөлінуіне қарамастан, қоғамымыздың жаңа ғасыр талабына сай алға қарай ілгерілеп дамуы жағдайында оның алдында тұрған келелі міндеттер ойдағыдай іс жүзіне асырылмай келеді. Жасыратыны жоқ, видеокөрсетілім түрінде өткізіліп жатқан конференциялар, семинарлар, хабарламалар ірілі-ұсақты қалаларымызда қолданылып жатқанымен, аудандық, ауылдық жерлерде, тіпті ірі қалаларымызда да толықтай енгізілді деп айтуға әлі де болса ертерек тәрізді. Өйткені, бұл видеокөрсетілім түріндегі мағлұматтарды негізінен әкімшілік мекемелері, мемлекеттік әкімшілік аппараттары, білім беру саласының басқарушы ұжымдары арасында толыққанды жүзеге асырылуда. Ал, жаппай халық әлі күнге тиімді түрде қолдану әдістерін меңгере алмауда.

Қазіргі кездегі білім беру жүйесінің дүниежүзілік дамуына көз салсақ, оның бірнеше үлгі аларлық, алдыңғы қатарлы бағыттары көзге түседі. Тиімді де ұтымды деп танылған осы бағыттардың ішіндегі «Қашықтықтан білім беру жүйесін» ерекше атауға болады. Жалпы қоғамға ашық түрде үздіксіз білім беру тәсілімен көзге түсетін қашықтықтан оқып-үйрену жүйесі осы күнгі ең болашағы бар заманауи оқу түрі болып саналады.

«Қашықтықтан білім беру» ұғымы – жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланып, атқарып жүрген жұмысыңнан немесе оқудан қол үзбей, білімінді жетілдіру ісін жүзеге асыру деген мағынаны білдіреді. Бұл сөздің мәнін тереңірек ашар болсақ: қашықтықтан білім беру ісі оны жүзеге асыру бағытындағы әдістер мен тәсілдерді жете меңгеруді, жетілдіруді қажет ететін білім беру түріне жатады. Мұның өзі – бүгінгі заман талабы. Сол себепті, жоғарыда аталған маңызды мәселелерді зерттеуге және оның оңтайлы шешімін табуға арналған алыс және жақын шетелдік және отандық зерттеу жұмыстарына қысқаша тоқталып өтелік.

Шетелдік және отандық сарапшылардың мәлімдеулеріне қарағанда, жаңа ғасырда еңбек етіп жүрген әрбір адам білімін көтеруге міндетті. Өйткені, жаңа ақпараттық құралдардың күннен күнге көптеген түрлері шығып қолданысқа енгізілуде, ал әрбір адам олардың жұмыс мүмкіндіктерін жылдам меңгеруі тиіс. Бұрынғыдай күндізгі бөлімдерде оқытып білім деңгейін арттырып отыру экономикасы өркендеген елдердің өзінде де оңай орындала қоймайтын іс. Осыған орай, күндізгі оқытатын бөлімдері бар оқу орындарына қарағанда жаңа технологиялар бойынша компьютерлер арқылы қашықтықтан оқытатын білім ордаларына түсетіндер саны күрт өсе түсуде. Сол себепті, олар қашықтықтан білім беру жүйесіне өтуде білім алушы мен оқытушының аумақтық орналасуына байланысты «өркениеттің ауысуы» пайда болуда.

Европа және АҚШ елдеріндегі қашықтықтан оқыту мәселесі бойынша: Sloan Consortium-ның 2005-жылы жүргізген сауалнама қортындысынан келесідей тұжырымдама жасауға болады: алғашқы уақытта қашықтықтан оқыту жүйесін барлық пәндер бойынша жаппай енгізу керектігі жоқ, тек кейбір пәндер бойынша, енгізу керектігін айтады.

Knowledge Anywhere компаниясының 2010 жылы жүргізген сауалнамасы ТМД елдерінде қашықтықтан оқытудың өзіне тән болашағы бар – білім беру жүйесіне жататындығын дәлелдейді.

Алдыңғы қатардағы әлемдік қашықтықтан оқыту жүйесінің орталығы қатарына кіретіндерге жалпы шолу жасап өтер болсақ:

- Испания Ұлттық Университетінде қашықтықтан оқытудың – құрылған жылы 1972, білім алушылар саны 12 мың адам;
- Оңтүстік Африка Университеті – құрылған жылы 1973, білім алушылар саны 120 мың адам;
- АҚШ-тың Калифорниялық виртуалды Университеті 1977 жылы қалыптаса бастады, ондағы білім алушылар саны 28 мың адамды;
- Түркия мемлекетінің Анадолу Университеті 1982 жылы құрылған, мұндағы білім алушылар саны 300 мың адамды;
- Францияның қашықтықтан оқыту ұлттық орталығының құрылған жылы 1993, мұнда білім алушылар саны 400 мың адамды құрады және т.б.



Батыстың дамыған елдерінде қашықтықтан білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Бүгінде, бірінші орында қашықтықтан оқыту жүйесінің екі концепциясы тұр: солтүстік америкалық және еуропалық.

АҚШ-тағы қашықтықтан оқыту жүйесі 60-жылдардың ортасынан бастап кейбір америкалық инженерлік колледждер жақын корпорациялардың қызметкерлеріне оқу курстарын көрсету үшін теледидарды қолдануға көшті. Бұл программалар ұлттық технологиялық университеттің пайда болуына алып келді. Ол Колорадо штатындағы Форт-Коллинз қаласының 40 инженерлік мектептерден тұратын консорциумына айналды. 1100 студент 90-жылдардың басында қашықтықтан оқыту әдістерімен Ұлттық технологиялық университетінің программасын меңгеріп шықты. Ал, Оңтүстік Каролина штатында бүгінде, бізде қолданатын Lotus Learning Space жүйесін ең алғашқы қолданған елдер қатарына жатады.

Еуропадағы қашықтықтан білім беру жүйесі мемлекет қаржыландыратын университеттерде жақсы дамыған.

Бұрынғы деректерге назар салып өтер болсақ: дүние жүзі бойынша 1900-1960 жылдардың аралығында қашықтықтан білім беру бойынша 79 оқу орны құрылса, 1960-1970 жылдар аралығында 110, 1970-1980 жылдардың аралығында 187 оқу орындары шаңырақ көтерген.

Бүгінгі күні, жоғарғы оқу орындарында өндірістен кол үзбей оқытатын оқу орындарына деген қажеттіліктің артуымен қатар интернационалдық сипаттағы оқу орындарын құруды жүзеге асыру шаралары қатар дамуда.

ТМД мемлекеттеріндегі білім беру күндізгі, сырттай және кешкі білім алу формасына негізделеді.

Ресейдің жоғары оқу орындары жөніндегі мемлекеттік комитетінде бекітілген «Қашықтықтан оқытудың бірегей жүйесін құру» туралы негізгі концепция 1995-жылы жарияланды. Сонымен қатар, білімдік ресурстарға қатынау үшін одақтық порталдар жүйесі құрылған: Ресейлік білім беру (<http://edu.ru>), Ресейлік жалпы білімдік портал (<http://school.edu.ru/>); Цифрлық білімдік ресурстардың бірыңғай топтамасы (<http://school-collection.edu.ru>); Білімдік ресурстарға қатынаудың бірыңғай терезесі (<http://window.edu.ru>), Ақпараттық-білімдік ресурстардың Одақтық орталығы (<http://fcior.edu.ru/>), НП «Телемектеп» (<http://internet-school.ru>) және т.б. Аталған сайттар бойынша қашықтықтан оқыту жүйесі тиімді жұмыстарды атқаруда. Атап айтар болсақ: интернетдүкендермен жұмыс, интернет конференциялар мен семинарлар және ғылыми жұмыстар бойынша материалдар, әртүрлі халықаралық басылымдарда материалдар жариялауда т.б.

Қазақстан – Ресей университетінде қашықтықтан оқыту технологиясының элементтерін қолданып, оқытудың инновациялық әдістері қолданылады: слайд-дәрістер, электронды оқулықтар, оқыту программалары, компьютерлік тренинг және т.б..

Украинада білімдік салаға АКТ-ды енгізуде «Ақпараттандырудың Ұлттық бағдарламасы туралы» Заң; «2006-2010 жж. Украинадағы ақпараттық қоғамды дамытудың негізгі қағидалары туралы» Украина заңы; 2006-2010 жж. ара қашықтықтық оқыту жүйесін дамыту бағдарламасы, 2006-2010 жж. «Білім беру мен ғылымдағы АКТ» Мемлекеттік бағдарламасы елеулі рөл атқарды. ТМД мемлекеттерінің ішінде Украинада қашықтықтан білім беру жоғары деңгейде жүзеге асырылуда, атап айтсақ: Григорий Сковорода атындағы Переяслав-Хмельницкий мемлекеттік педагогикалық университетінің «Проблемы и перспективы развития науки в начале третьего тысячелетия в странах СНГ» және «Проблемы и перспективы развития науки в начале третьего тысячелетия в странах Европы и Азии» атты I-IX халықаралық ғылыми-практикалық конференциялары бүгінде ТМД мемлекеттерінен 12 тілде мақалалар қабылдау жөнінде табысты іс-шараларды жүзеге асыруда.

Сонымен қатар, ТМД мемлекеттерінің ішінде Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан республикаларында қашықтықтан оқыту жүйесін орта, кәсіптік және жоғары оқу орындарының оқу процесінде тиімді пайдаланудың жолдары қарастырылған. Сонымен,

ақпараттандыру тұтастай және электрондық оқыту ішінара дамыған елдерде де, дамушы елдерде де мемлекеттік деңгейде қолдау табады.

Өз елімізге келер болсақ, Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 112 Қаулысы бойынша 35 тармақтан тұратын Ереже енгізілуде [2]. Мұнда елімізде Қашықтықтан оқытуды қалай жүзеге асрудың барлық мүмкіндіктері талданып, негізделген. Кейбір тармақтарына қысқаша тоқталып өтуге болады, мысалы Ереженің бесінші тармағында: қашықтықтан оқытуды желілік технологиялар, кейс-технологиялар және телекөрсетілім және т.б., негізінде жүзеге асыруға болатындығына және оқу сабақтары қашықтықтан оқыту кезінде бейнедәрістер, теледидар дәрістері, радиодәрістер, мультимедиялық дәрістер, бейнеконференциялар, электрондық оқу басылымдары бойынша білім алушылардың өзіндік жұмыстары, телеконференциялар, виртуалды зертханалық практикумдар, компьютерлік тестілеу жүйелері, форумдар, чаттар мен электрондық пошта арқылы консультациялар нысанында жүргізуге болатындығы баяндалады. Жетінші тармағында: қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін білім беру ұйымдарында – «on-line» режимінде кеңес беруді ұйымдастыру және өткізуді, «off-line» режимінде білім алушылармен кері байланысты ұйымдастыруды, аутентификация жүйесінде білім алушылардың тұлғасын сәйкестендіретіндігі сияқты маңызды мағлұматтар қарастырылады. Жалпы жоғарыда аталған қаулы Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың толық Ережесін қамтиды және бұл ережеге сәйкес еліміздің орта және жоғары білім беру саласы, әкімшілік аппараттары, ҚРБЖМ үлкен іс-шараларды жүзеге асыруда.

«Қашықтықтан оқыту» жүйесі әлемде әлдеқашан дамығанымен, біздің елімізде Қазақстандағы қашықтықтан оқыту жүйесінің қолға алынғанына 10 жылдың көлемі болды. Осы уақыт мерзімінде «Қашықтықтан оқытуды» игерудің көптеген қыр сырлары ашылуға және төмендегіше туындайтын өзекті мәселелердің шешімін табуға талап ететін қосымша зерттеулер жүргізуді қажет етуде. Атап айтсақ, біздің елімізде:

- «қашықтықтан оқыту» жүйесі қандай деңгейде жүргізілуде?
- оның тиімділігін дәлелдейтін қандай іс-шаралар жүзеге асырылуда?
- дәстүрлі емес оқыту әдісі болып табылатын қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері қандай?
- қайткен күнде сырттан оқытатын оқу орындарында қашықтықтан оқыту арқылы білімгерлердің алатын білім сапасын заман талабына сай жетілдіруге болады?
- «қашықтықтан оқыту» жүйесін білім беру жүйесінің қай сатысынан орта, кәсіптік немесе жоғары оқу орындарынан бастап енгізу керек пе? – деген кезек күттірмейтін көкейкесті мәселелерді шешу қажет болып отыр.

Жоғарыда аталған қордаланған өзекті мәселелерді шешудің бірден бір жолы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру болып табылады. Онда электрондық оқытуды 2015 жылға дейін республика мектептерінің 50%-ына, ал 2020 жылға дейін 90%-ына енгізу жоспарланды [3]. Ал, электронды оқытудың кеңінен қолданылуы бүгінде «Қашықтықтан оқыту» жүйесі бойынша қоғамды ақпараттандыру үрдісінің басым бағыттарының бірі ретінде білім беруді ақпараттандыру мұғалімдердің тек кәсіби сапасы мен дайындық деңгейіне ғана емес, сонымен қатар, оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технология құралдарын пайдаланудың ұйымдастырушылық және әдістемелік аспектілеріне келесі жаңа талаптар қояды:

- бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек;
- ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағытталған мамандандырылған білім беру бағыттарын құру міндетін игеру;
- «on-line» тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет»,



- деп атап көрсетілгендей, бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және ақпараттық құралдарын кеңінен қолданылуын қажет етеді.

Зерттеу жұмысын қорытындылау нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасалды:

- алыс, жақын шет елдерде қашықтықтан оқыту бойынша шолу;
- Қазақстан білім беру заңдарына сүйене отырып, өз елімізде жүзеге асырылып жатқан қашықтықтан оқытуға талдау жасалды;
- қашықтықтан оқытудың тиімділігі анықталып, теориялық негіздемесі жасалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, – Астана, 07.12.2010ж.
2. Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 112 Қаулысы.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 02.11.2012 № 423; 12.08.2014 № 893 Жарлықтары.

ӘОЖ 82.512.122:37.091.3

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Ә.Қ. Әмірова

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиеті сабақтарында диалогтік оқытуды қолдану ерекшеліктері баяндалған. Диалогтік оқытуда қолданылатын әдістер қарастырылып, Кембридж бағдарламасы модульдері бойынша өткізілген сабақ үлгісі көрсетілген.

Аннотация. В статье освещаются особенности применения диалогового обучения на уроках казахской литературы. Рассмотрены способы, применяемые в диалоговом обучении. Описан образец урока, проведенного по модулям Кембриджской программы.

Abstract. In this article it was said about special aspect of using of dialogical training in the lesson of the Kazakh literature. It were showed methods which are used in dialogical training. Described an example from the lesson conducted by the Cambridge program modules.

Тірек сөздер: диалогтік оқыту, қазақ әдебиеті, оқушылардың ойлау дағдысын қалыптастыру.

Ключевые слова: диалоговое обучение, казахская литература, развитие у учеников навыков мышления.

Keywords: dialogical training, Kazakh literature, the development of thinking skills in students.

Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында көптеген өзгерістер енгізіліп жатыр. Қазіргі ұстаз оқушыға ғылым негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» деген көкейкесті мәселелерді қарастырады. Осыған қатысты маңызды түйіндер Кембридж бағдарламасының мазмұнындағы 7 модуль идеясында ашылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі ретінде «Әдебиет сабағында диалогтік оқыту арқылы оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуға бола ма?» сұрағы төңірегінде ізденіп көрдік.

Джон Дьюи білім беру саласында осындай зерттеуді бастаған алғашқылардың бірі болды. Ол оқушылардың ойлау дағдысын қалыптастырудың білім беру бағдарламасын тек оқушылар үшін ғана емес қоғам үшін тиімді болуына бағыттау керек екенін мойындатты [1].



Мектеп қабырғасында оқушылардың ойлау дағдысын қалыптастыру маңызды.

Ол үшін оқу үдерісінде оқушылардың барлығының белсенді жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек. Белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдану керек [2].

Мысалы: рөлдік ойындар, қадамды сұхбат, постер т.б. Бұл әдістер сыныптағы барлық оқушыларды әрекетке тартып, ұжымда жұмыс істеуге үйретіп, тілдік қарым-қатынас орнатуға септігін тигізеді.

«Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою» әдісінің негізгі мақсаты – бір-бірімен ой бөлісу арқылы өз білімдерін жетілдіру жұмысымен айналысу [3]. Жаттығу барысында оқушылар кез-келген сұрақты қоя отырып, «Менде осы тақырып бойынша қандай ой мен ұстанымдар бар?», «Бұл жұмыс мен және менің құрбыларым үшін қаншалықты маңызды?» деген сияқты сұрақтарға жауап бере отыра қандай мәселелерді игергенін, игеру жолында қандай қиындықтар туындағандығын өзара ой бөлісу арқылы тілдік қарым-қатынас орнатады. Оқушылардың өздігінен, жұппен және топпен жұмыс атқаруына мүмкіндік береді.

Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін мұғалімдер «төмен дәрежелі» және «жоғары дәрежелі» сұрақтар қояды. Жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, өзіндік көзқарастарын білдіріп, бағалауға және талдауға тиіс болады. Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Себебі, сұрақ дұрыс қойылған жағдайда ғана сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың ізденуіне қолдау көрсетіп, зерттеушілік қабілеттерін жақсартады, білім, ақпарат алу көкжиектерін кеңейте түседі. Жоғары дәрежелі сұрақтар – балалардан ақпаратты белгілі дәрежеде қолдануды, қайта ұйымдастыруды, дамытуды, бағалауды, талдауды, яғни, ойлау операцияларына дайын болуды талап етеді. Ашық сұрақтарды көбірек пайдалану оқушыларға әлдеқайда жоғарырақ деңгейде ойлануға көмектеседі [1].

Кембридждік тәсілмен әзірленген Бағдарлама сындарлы оқыту теориясына негізделген. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері - жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады [1]. Сондықтан бұл мәселені сөз еткенде, қоғаммен байланыстыра қарастырғанда ғана нәтижеге жететініміз анық.

Диалогтік оқыту – мұғалімнің жан-жақты жұмысын талап етеді. Білім беру барысында диалогтік оқытуды дамыту үшін мұғалімнің тәжірибесіне не қажет? Әрине, ол – оқытудың әдіс-тәсілдерінің сынып жағдайында дұрыс таңдалуы. Бұл нәтижеге жетудің бастамасы болып табылады, мұғалімнен біліктілік пен шеберлікті қажет етеді [1]. Диалогтік оқыту барысында оқушылардың өз ойларын айтуға мүмкіндік туғызу, оқытуда мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы диалог жүргізу дағдысы қай деңгейде екенін үнемі назарда ұстау маңызды болып табылады.

Оқушыларға жаңа тақырыптарды қызықты, түсінікті етіп түсіндіру үшін керекті тәсілдердің бірі – ретінде диалогтік оқыту арқылы сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. Осы жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жаңа сабақтың аясында қосымша қызықты деректерді ұсынуға, қиын тақырыптарды әртүрлі жұмыс түрлері арқылы жеткізуге, жаңа идеяларды әсерлі етіп көрсетуге болады [3].

Алдағы уақытта да білім беру үдерісінде осы бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыратын болсақ, алға қойған мақсат, міндеттерді іске асыруда күтілетін нәтижелерді болжадық: оқушылар тілдік ортада қарым-қатынасқа түседі, шығармашылық белсенді тұлға болып қалыптасады, талдауға, ойлауға, жүйелеуге, жалпылауға үйренеді. Барлық оқушылар сабаққа белсенді қатысады; барлық оқушылар өздерін еркін сезінеді; олар бір нәрсені қате айтамыз деген қорқыныштан арылады; жауапты бірлесіп іздейді, жолдастық көмек, бір-біріне деген жауапкершілік сезімі пайда болады; сабақ оқушы үшін де, мұғалім үшін де пайдалы болады; ең бастысы, олар бір-біріне жағымды әсер етеді, бір-бірінен үйренеді және бірін-



бірі үйретеді. Білім беруде жақсы істер жалғасын тапса, оқушы қалай оқу керектігін түсініп, өзін-өзі реттеп, достық қарым-қатынас пен жақсы көңіл-күйде болары анық. Мұғалім үшін ең тиімді сабақ, ол – нәтижелі сабақ. Ал, сабақтың нәтижесі оқушылардың іс-әрекетінен көрінеді.

Мұғалім өзінің сабақ берудегі іс-әрекетін зерттей отырып оқытса, керемет нәтижеге жетуге болатынына көз жеткіздік.

Зерттеу нысаны етіп сыныппен қатар, А, В, С оқушыларды сынып жетекші, мектеп психологі, ата-ана және Lesson Study-ге қатысушылармен тиянақты келісіліп барып анықталды.

Сабақ жоспарлауда сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары қолданылды. Себебі ол «бақылау, тәжірибе, толғану және ой жүгірту нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады» [1] және осы стратегиялар оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді [2].

11-сыныпта Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы бойынша өткізілген зерттеу сабағында топ ережесін әзірлеу тапсырылып, бірінші жұппен, одан кейін топпен талқылау жүргізілді. Оқушылар тез арада өздерінің топ ережелерін ұсынды. Топ ережелерін жасау барысында көшбасшылар анықталды. Айта кетерлігі, мінезі тұйық, көп сөйлемейтін В оқушы топты бірден игеріп алып кетті. Мұны басқа оқушылар да, өзі де кері байланыста мақтанышпен көрсетті. Топ ережесі сабақтың арасында да естеріне салынды және топ ережесін ұмытпау керектігі туралы да айтылып отырды.

Өткен материалды тексеру мақсатында жоғары дәрежелі ойлау дағдыларын анықтайтын ашық сұрақтар қойылды. Осы сұрақтарға жауап беруде оқушылар өз ойларын нақты ашық айтып, көркем шығарманы оқығандарын, оны өмірмен байланыстыра алатындарын көрсетті. Оқушылар әдебиет теориясындағы «Екіге жарылу тәсілі» арқылы [4] кейіпкерлердің бір басында жағымды да, жағымсыз да қасиеттерінің болатынын сыни көзқараспен көре білді.

Оқушылар сабақтың келесі кезеңінде «Идеяларды тоғыстыру» оқыта үйрету тапсырмасын [4] орындады. Бұл тапсырма оқушылардың тілдік, шығармашылық және қатысымдық құзыреттерін арттыруға бағытталды. Тапсырмада оқушылар берілген сұрақтарға жауап берді, шығармашылықпен әр топ басқа бір шешім ұсынуға тырысты.

Сабақ соңында оқушылардың ерекше әсер алғаны, оқушыларға топтық жұмыстың ұнайтындығы, жекелеген оқушылардың қызықты, тиімді пікір ұсына білетіні анықталды. Постер салуда пікір алмасып, ерекше идеялар ұсынды. Постерді қорғаған соң, әр топқа бір-бірінің жұмысындағы сәтті кезеңдерін атап өту ұсынылды, пікір білдіруде тәуелсіз бола білді.

Сабақта қолданылған жаңа тәсілдер оқушылардың креативті ойлау сипаттамасын, жаңалықтар ашуға ұмтылысын нақты жетілдіреді, өзгертеді. Сабақ барысында оқушылардың тілдік құзыреттілігі біршама артты, себебі оқушылар бір-бірімен еркін диалогке түсе алды, кейіпкерлердің әрекетіне сыни тұрғыдан баға берді. Диалогтік оқытудың топтарда ойдағыдай жүзеге асқанын оқушылардың фактілер мен пайымдаулар арасында шектеулер қоя білуі, балама шешімдер көре білуі сияқты дағдыларының жетілгендігінен көруге болады.

Қорытындылай келе, диалогтік оқытуды қазақ әдебиеті сабағында қолданғанда:

- мұғалім сабақ барысында қалай оқыту керектігіне көз жеткізеді;
- мұғалім оқушының диалог арқылы сыни ойлауын дамыта алады;
- оқушылар өз ойларын еркін жеткізуге, пікірлерінің дұрыстығын дәлелді түрде жеткізе білуге және сыныптастарының көзқарастарына құрметпен қарауға үйренеді;
- сыныпта топтық жұмыстар арқылы ынтымақтастық байланыс орнатады;
- оқушылар сабақ барысында әңгіменің үш түрін қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытады;

- оқушылар топпен, жұппен, жеке жұмыс жасау дағдыларын үйрене отырып, оны нәтижеге бағыттайды;

- оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс орнайды және кері байланыс оқыту сапасын арттырды.

Осы бағдарламаның модульдеріне сай өткізілген сабақтар әр мұғалімнің оқыту әдістемесіне тың серпін береді, оқушыға сапалы білім беруге бағытталады. Оқу мен оқытуда жаңа бағытта өзгерістерді енгізіп қана қоймай, оны одан әрі дамыту – әр мұғалімнің міндеті. Осы әдіс-тәсілдерді жеткілікті меңгеріп алған соң ғана, біз жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, білімді тұлғаны қалыптастыра аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Өрлеу» БАҰО, Алматы, 2012.
2. Абуханова Р. «Қатысымдық құзыреттілік қалыптастыруға арналған тапсырмалар». – Алматы: Дәуір-Кітап, 2013.
3. Кабденова А. «Диалогтік оқыту – өзара әрекеттің әдістемелік құралы». – «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы СҚО бойынша ПҚБАИ.
4. Жартынова Ж. және т.б. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару». – Алматы, 2014.

DEMONSTRATE HOW USING A CROSS-CURRICULAR APPROACH CAN HELP STUDENTS ENGAGE WITH MATHEMATICS AND OUTLINE SOME WAYS YOU COULD PUT THE APPROACH INTO PRACTICE

A.K. Kireeva

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar

Аңдатпа. Мақалада пәндердің арасындағы байланыс оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыра түсуі қарастырылады. Біздің оқыту жүйесі 12 жылдық оқытуға көшеді және элективті курстар оны жүзеге асыруға көмектеседі.

Аннотация. В статье рассматривается возможность заинтересования учащихся к изучению математики посредством изучения межпредметных связей математики с другими дисциплинами. В условиях перехода на 12-летнее обучение и профилизацию старшей школы возможно введение элективных курсов по математике и изучение математике в необходимом объеме согласно учебному плану.

Abstract. In the article is examined how we can help students engage with mathematics. Using a cross-curricular approach helps interest students of studying mathematics. We can enter mathematical elective courses because our educational system will move on 12-year education.

Тірек сөздер: математиканы оқу, математиканы оқуда кросс-оқу тәсілі, математикалық ойлауды дамыту, бейінді мектептегі математика.

Ключевые слова: изучение математики, кросс-учебный подход к изучению математики, развитие математического мышления, математика в профильной школе.

Keywords: the study of mathematics, the cross-learning approach to the study of mathematics, the development of mathematical thinking, mathematics in the profile school.

Mathematics is an obligatory subject in the curriculum. It is explained by the fact that “God created everything by numbers, weight and measure” [4]. It means that our entire world consists of numbers and operations with numbers. The study of mathematics is necessary and crucial for the future. However



mathematics is a difficult subject for most people. "If asked to sum up their view of mathematics at school many people would describe it in terms of one if not all of the three 'd's'- dull, difficult and disliked." [3]. Contemporary pupils should understand the importance of learning mathematics. Different pupils have different abilities. The first group want to be musicians, the second group dream to be lawyer; the next group see themselves in medicine. However all of these groups need a strong foundation in mathematics. Therefore teachers must create link between mathematics and other subjects from the curriculum, namely a cross-curricular approach to the study of mathematics.

The cross-curricular approach is the method of studying of science, which determines general regularities of appearances and processes in complicate system, for instance, physical, chemical, biological, ecological, social, etc. We must use the relation between mathematics and other different subjects for interesting them in learning mathematics. [2]

Initially we should explain our pupils some causes for mathematical knowledge. The writer, Eric Temple Bell (1951), who wrote about mathematicians, said "Mathematics is Queen and servant of science" AND Galileo Galilei (1564-1642) said "Mathematics is the key and door to the science". I think, they mean that mathematics is not only knowledge, for example, equations and inequalities; mathematics gives some methods for developing our thinking, for reasoning, approvals and proofs. If children have prepared to be lawyer they must be able to construct logical circuits. The pupils with the chemical abilities need to be able to calculate several proportions of alloy and solutions. So cross-curricular approach can help most pupils to study their favourite subject and use the mathematical methods and knowledge.

The mathematical education in Kazakhstan has problems. The Pavlodar State Pedagogical Institute created organization – round-table discussion "The problems of developing of natural mathematical education" (2014). There are staffs of Institute, Methodists of Pavlodar region, the school principals, school teachers and some parents discussed contemporary issues of science. One of the problems is the low motivation of teachers, students and pupils related to the social underestimation of the importance of natural mathematical education. What to concern mathematics, our children find it terrible because they do not understand neither subject nor its value and influence on their life.

In 2015 our country is going to change the system of education and turn on 12 year education. From the first to the tenth classes the curriculum will contain the compulsory level of mathematical, humanitarian, linguistic education, science and technology. The eleventh and twelfth classes will called profile school. Curriculum will contain necessary amount of elective courses in different direction: social humanitarian and natural mathematical [1]. For them we must define close link between their direction of education and mathematics. Then using the interesting courses we can develop pupil's knowledge and thinking technology.

I am working with students from our pedagogical institute on this issue for 3 year. My disciplines are called "The theory and technology of profile education on mathematics in profile school" and "The organisation of elective mathematical courses for profile school". They studied methods of teaching mathematics in high school for 11 and 12 year classes. We constructed various courses for pupils from different direction. For example, my student Erzhepova Alpha made elective course "History of mathematics" for pupils on humanitarian direction and made experiment in the school on practical lessons. In the end of the course she gave interview and all of pupils said that they were interested in mathematics.

Contemporary teacher should know how he can combine diverse subjects with mathematics. According Keith Selkirk(1982) "the teaching of mathematics in school may be justified in a number of ways". He writes that thirty years ago mathematics was close only to the physics. The introduction of mathematics-with-statistics in 1950, and, more recently, the appearance of the computer, the micro-computer and the calculator opened up a whole new area of mathematics. How can we associate mathematics with various disciplines? A physicist needs in whole mathematical knowledge such as basic level of algebra and beginning analysis and geometry. Because, the curriculum of high education for physicists contains an advanced level of mathematical skills, they study real analysis, linear algebra, analytical geometry, differential equation, and finally equations of mathematical physics. A chemist needs in basic knowledge of equations, proportions, percentages; he must be able to solve problems on mixtures and alloys. A biologist will engage with laws of nature on biological level. Basic mathematical tools of mathematical biology are the theory of differential equations and mathematical statistics. A musician must feel music, rhythm and circle. Cycle determined by the number and type of its metric units - share - designated size. In musical notation, the value is the key after the beginning of a musical work (or stroke, from which he has changed), conventionally, as a common



fraction (for example, “3/2”, “2/4”, “6/8” “4/4 “, etc.) or a symbol (C is equivalent to 4/4, equivalent to 2/2). The numerator indicates the number of shares and the denominator - their relative duration. Therefore the musician needs mathematical skills in work with numbers and fractions. A lawyer should use geometry, because he needs some skills to solve logical problems and to prove the statement. All of people need some mathematical knowledge, particularly ability to work with numbers and money, it is arithmetic. Many professions often use statistics it is probability and statistics. All our life consists of geometric shapes and geometric solids. It is geometry. So we must show all pupils importance of mathematical education by combining our interests, his favourite direction of study and our necessity of teaching mathematics.

Thus we have a problem, which is the lack of desire and interest to learn mathematics. It occurs because traditional curriculum can be difficult; some of topics are not required for their future jobs. Introduction of new developments in education in Kazakhstan will lead to possible increase in interest in learning mathematics. The new curriculum will contain basic level of mathematical knowledge in secondary school and elective courses in profile school. The pedagogical institute trains teachers to work in the profile school. Every teacher new formation must use relation between mathematics and other subjects. They must construct special elective course appropriate for different learning profiles. In this way we can solve one crucial issue of several problems of mathematical education in Kazakhstan.

Bibliography:

1. <http://www.edu.gov.kz/ru/projects>
2. H.Haken. Synergetics.-Springer- Verlag.-Berlin, New York.-1978
3. Richard R. Skemp. The psychology of learning mathematics.-1982
4. Teaching mathematics / edited by M. Cornelius.- 1998



БАТА СӨЗДЕРДЕГІ ТҰРМЫСТЫҚ АРҚАУЛАР

И.Ж. Диханбаева

Аңдатпа. Мақалада автор бата сөздердің халық әдебиетіндегі орны, тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы, қазақ халқының рухани өміріндегі бірлігін, тұтастығын, салт-дәстүрін, адамгершілік қасиеттерін сақтап тұруда ерекше қызмет атқаратынын, бата сөздердің пайдаланатын орны мен халық тұрмысындағы қызметін баяндайды.

Аннотация. В статье освещается значимость слов благословения в казахской литературе, жизненная важность, единство духовной жизни казахского народа, целостность, сохранность, достоинство обычаев и традиций, которые играют особую роль в жизни народа.

Abstract. The article highlights the importance of the words of blessing in the Kazakh literature, vital importance of the unity of the spiritual life of the Kazakh people, integrity, safety, dignity, customs and traditions, which play a special role in people's life.

Тірек сөздер: халық әдебиетіндегі бата сөздер, қазақтың салт-дәстүрі, қазақ халқының рухани өмірі, ұлттық мәдени игіліктер.

Ключевые слова: слова благословения в народной литературе, казахские обычаи и традиции, духовная жизнь казахского народа, национальные культурные ценности.

Keywords: words of blessing in folk literature, Kazakh customs and traditions, the spiritual life of the Kazakh people, national cultural values.

Қазақ халқының ұлттық мәдени игіліктерінің ішінде елдің рухани қазынасында бата сөздердің мән-мағынасы, қадір-қасиеті айрықша бағалы. Өйткені, қанымызға сіңген, серпілтетін, қанаттандыратын нақыл сөздер – тәрбиенің бастау-бұлағы. Аталардың қасиетті өсиеті – ғасырлар бойы мысқалдап жиналып, ақыл елегінен өткізіліп тексерілген өмір тәжірибесінің, тарихи санасының даралық қорытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы іспеттес.

Халықтың тілек-бата сөздері жеткіншек жас ұрпақты әдепті, сабырлы, зерделі, арлы болып өсуге баулиды, малды, басты, дәулетті, бақытты, кекшіл, емес кешірімді болуын тілейді, жерін, елін қорғауға талапты тастүлек болып ержетуге талпынтады.

Белгілі бір этикалық, эстетикалық, педагогикалық жүйемен құрылған тілек-бата сөздер – халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан ежелгі мұрасы. Бұлар – рухани өмірінде тұтастық, бірлігін, салт-дәстүрін, адамгершілік қасиеттерін сақтауда ерекше қызмет атқарады. Сөздік құрамында кейде діни ұғым-түсініктер кездесе, ол – заман таңбасы, сол дәуірдегі тәрбиенің пәрменділігін арттыру үшін қолданылған тәсіл деуге тиіспіз.

Шындығында, шынайы шеберлікпен, терең толғаныспен тоқылған бата сөздер сол қауымның адамгершілік-моральдық жаратылысын, ұлттық дәстүрлерін, табиғатқа, қоғамға, дүниеге көзқарастары мен түсініктерін, ырым-нанымдарын аңғартады. Бата берудің рәсімі де әр түрлі болып келеді.

Болашақтың тұтқасы, иесі – ұрпағына амандық, парасаттылық, ізеттілік, өжеттік, мейірім, өнер-білім, құт-береке, ұзақ өмір, үлкен табыс тілеу – ежелден адамзаттың асыл мұраты болса керек:

*Айдай жарқыра,
Жұлдыздай жалтыра.
Маңдайың ашық болсын,
Дұшпаның қашық болсын!*

Халықтың ежелден қонақжайлық салты бойынша, егер де құрметті мейман белгілі бір шаңыраққа ат басын тіресе, оған арнайы қой немесе тай сойылады, қонақасы беріледі. Сойыс



малы қонаққа көрсетіледі. Себебі, ол малдың күйін, дені таза екендігін көреді. Сонан соң бата жасайды. Алғыс яки бата сөзде үй иесінің сау-саламат болып, бәле жаладан амандығын тілейді.

Жинақтап айтсақ, нәресте дүниеге келгенде, бесікке салғанда, ұлды үйлендіргенде, келін түсіргенде, қыз ұзатқанда, жолға, аңға, еркіндікке шыққанда, қан майданға яки қажылық сапарға аттанарда, ас қайырғанда, бие байлағанда, көшкенде, мүшел, қоныс тойларда, ұлыстың ұлы күнінде, жаңа киім кигенде, жақсы іс бастарда, үлкендерге құрмет көрсеткенде, кейде қаралы шақтарда да ақ бата беріледі.

Ал адамшылыққа жатпайтын жат, жан түршігерлік қылықтар үшін теріс яки қарғыс баталар да айтылады.

Қазақ халқының бата сөздерін жинап, жариялап және зерттеуге үлес қосқан ғалымдардың ішінде А.В. Васильев те бар. Алғашқы кездерде өзінің жинаған бата үлгілерін сол кездегі мерзімді баспасөзде жариялап отырған. 1905 жылы Орынбор қаласынан «Бата сөз» деген атпен кітабы басылып шықты. Онда қазақтар арасында жиі айтылатын он екі бата сөзі берілген. Бата сөздерді кімнен және қашан жазып алғандығы туралы мәліметтер береді. Бұл үлгі сөздерді жинап алу талаптарына сай келеді.

Бірінші бата сөзді Ырғыз уезі, Бақсай болысында тұратын 100 жастағы қарт Шоқаман Исиннен жазып алған. Екінші, үшінші және төртінші бата сөздердің үлгісін Торғай уезінен жазып алған. Кімнен жазып алғандығы белгісіз. Бұл баталарды жазып алуға мұғалім Ғ. Балғынбаев көмектескен. Бесіншіден бастап оныншы батаға дейінгі үлгілерді Ырғыз уезы, Қызылжар болысы қазақтарының айтуынан жазып алған, көмектескен Садақпай Айымқұлов. Он бірінші бата сөзді Ақтөбе уезі, Қобда болысының қазағы Оразымбет айтып берген. Он екінші бата сөзді Ақтөбе уезі, Түзтөбе болысының қазағы Қ. Өтешевтен жазып алған.

Кітап кіріспемен ашылады. Онда зерттеуші бата сөздерді кім, қашан айтады, олардың қанша түрі бар деген мәселелерге жан-жақты зер салған.

Әйгілі тілші-ғалым, ақын, аудармашы, әдебиет теоретигі Ахмет Байтұрсынов: «Бата – біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз. Батаны ақсақал адамдар айтады. Батагөй шалдар – басы бар табақты татуға алып келгенде, асты жеп болғанда да бата қылады», – деп жазады 1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми еңбегінде.

Халел Досмұхамедовтің пікіріне жүгінсек, қазақ елінде кең қанат жайған мынадай бір ырым бар: «Өз ісінің әбден төселген, ысылған, тәжірибелі шебері, мәселен, би, ақын, бақсы, зергер және тағы басқалар өздерінің қасиетті өнерін ізбасар шәкірттеріне аманат етіп тапсырғанда ақ батасын береді», – дейді [1].

Бата сөз тек қазақ жұртына ғана емес, түркі-монғол халықтарына бағзы заманда дәстүрге, салтқа айналған. Бурят елі мұны «юролы», ал алтай-лықтарда «алқышы» немесе «алқыш сос», монғолша «еролы» деп аталады. М.П. Хамағанов 1959 жылы Улан-Удэден шыққан «Бурят афористік поэзиясының очерктері» [2] деген зерттеу еңбегінде бурят халқының революцияға дейінгі бата сөздерінің үздік үлгілеріне арнайы тоқталған. Сонда: «Гүлдей жайна, күндей асқақта. Алтындай таза бол, күмістей мәңгі өшпе!» деп келетін әрі жарқын, әрі мағыналы, әрбір жүрекке ұялайтын, санадан сөнбейтін сырлы, ғибратты сөздер аз емес.

Монғол халқының салт, жорасында, атап айтсақ, киіз басу, жүн өңдеу, аңға шығу, құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру, некелесу, отау тігіп, шаңырақ көтеру, жаңа құрылған киіз үйді жабдықтау – бата сөзсіз өтпейді екен. Қалыңдыққа арналған батада: «Аққу мамығындай аппақ қойларыңды, ақ қайыңдай арқаныңды қалдырма. Құстай ұшатын сәйгүлігіңді мініп кел» деген маржандай тізілген мәнді сөздер бар. Батагөйлер соншалықты мәнерлі, нақышты әрі өлең өлшемін дәлме-дәл сақтай отырып әсем сөйлеген. «Монғолдың құпия шежіресі» кітабындағы:

*Асқар таудай алып бол,
Аппақ күндей жарық бол, -*

деген жолдар да жақсы лебізге, ізгі сезімге толы.



Қазақ бата сөздерінің жиналып, жариялануы да ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Белгілі фольклористер В. Радлов, Г.Н. Потанин еңбектерінде тілек сөздер мен баталар мол кездеседі.

Ал қазақ бата сөздерінің жиналып жариялануы ХІХ ғасырда басталған еді. Орыс шығыс зерттеушісі, Петербург Ғылым академиясының академигі В.В. Радловтың «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» атты сүбелі еңбегінің үшінші кітабы (СПб., 1870) [3] түгелдей қазақ халқының ауыз әдебиетіне арналған. Осы кітапта берілген бата сөздердің кейбір үзінділері мынадай болып келеді:

*Е, құдайым, жарылқа,
Жарылқасаң малды қыл!
Біткен жұрттың алды қыл!
Бұған қас қылғанның
Малын алып зарлы қыз!
Е, құдайым, бала берсін!
Мал мен басты пана берсін!
Саған қас қылған дұшпанды
Табанының астына сала берсін!
...Осы отырған боз үйге
Қыдыр ата дарысын!
Бәйбішесі бұл үйдің
Он екі құрсақ көтеріп,
Ұл мен қызға жарысын!*

Сондай-ақ түркі тектес халықтардың рухани мұраларының жиналуы мен зерттелуіне аса зор көңіл бөлген Г.Н. Потанин [4] жазбаларында да тілек сөздер көп кездеседі: Мысалы:

*Сабаң жиылмасын
Іркітің басылмасын,
Жанторсық жаныңнан кетпесін.
Қойың өрістен кетпесін,
Биең желіден кетпесін...*

А. Васильевтің «Бата сөз» [5] кітабындағы бата үлгілері – бағалы нұсқалар:

*Е, құдайым, жаздай бер,
Жаздай берсең, жазбай бер!
Е, құдайым күздей бер,
Күздей берсең, үзбей бер!
Е, құдайым, қыстай бер,
Қыстай берсең, қыспай бер!
Е, құдайым, көктемдей бер,
Көктемдегі көгеріп өскендей бер!*

Адамгершілік, молшылық, бақытты болашақ, бейбіт өмір, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» шуақты күн – осынау бата сөздердің көпке шашқан шапағаты.

Қазақ баталарының тақырыптық шеңберінде этика, мораль, ар-ождан, ынтымақ, бірлік, молшылық, бақыт, қонақжайлылық, амандық-саулық және т.б. мәселелер қозғалады. Күншығыс елдерінің, оның ішінде бақташылықпен шұғылданған көшпелі халықтың жаңа жылдық мерекесінде, яғни ұлыстың ұлы күнінде мынадай бата беріледі:

*Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын,
Қайда барсаң жол болсын!
Ұлыс бақытты болсын,*



*Төрт түлік ақты болсын!
Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге енсін!*

Халықтың ой-қиялы, сана-сезімі туғызған бата сөздердің көркемдік-эстетикалық мәні, эмоционалдық әсерлілігі, образдар жүйесі, суреттеу, мәнерлеу, бейнелеу құралдары, көркемдік сапасы, сөз саптау шеберлігі оқырман жүрегін баурамай қоймайды. Мәселен:

*Жас баланың күлкісін бер,
Жас ананың ұйқысын бер.
Жомарттың қолын бер,
Сапарлының жолын бер.
Қыздың қылығын бер,
Судың тұнығын бер...
Даланың жазықтығын бер,
Гүлдің нәзіктігін бер...
Бүркіттің жүрегін бер,
Нағыз достың тілегін бер.
Мәңгі-бақи ажырамас
Шын ғашықтың білегін бер.*

Атақты филолог М.М. Бахтин: «В жанре всегда сохраняются неумирающие элементы архаики» [6], – деп жазады. Демек, бірсыпыра бата сөздердің ерте замандық дүние екендігін мына бір мысалдан айқын аңғарамыз:

*Бөлшіл-бөлшіл, бөлшіл бол,
Бозторғайдай төлшіл бол.
Бұрама темір, сом алтын
Суға салса батпасын.
Тәңір берген несібең
Тепкілесе кетпесін.
Қастық қылған адамың
Мұратына жетпесін.
Айтса – қарғыс, тисе – көз
Дарымасын, өтпесін.*

Не болмаса, «Ай мүйізді ақ қошқарым бастаған отар-отар ақтылы қойым сенікі болсын! Қамыстай сүйір құлағының шетінде қара меңі бар мөлдір көзді боз айғырым бастаған үйір-үйір боз жылқым сенікі болсын! Шудалары төгілген, түсінен кісі шошитын қара бурам бастаған келелі түйем сенікі болсын! Мүйізі қарағайдай, бөрі келсе, оны жармай тынбайтын көк бұқам бастаған малым сенікі болсын!»

Яки, атасының келініне берген: «Иін қандырып илеген тулақтан мінезің жұмсақ болсын, қарағым» деген тілек-бата сөздер қазақ халқының тұрмыс тіршілігі, кәсібі, көшпелі өмірінен хабардар етеді.

Пікірімізді әрі сабақтар болсақ, ұлы суреткер М. Әуезов атақты «Еңлік-Кебек» шығармасында Нысан абыздың батасын былайша береді: «Адалдан бер, ақтан бер! Пәлекетін жатқа бер! Ер маңдайын баққа бер! Абырой аса жаққа бер!.. Мерейі асқан өренім, Кебек сынды таққа бер!..»

Осынау дәстүрлі нақыл, ғибрат сөздің интернационалдық рухын атап өтпеске болмайды. Қазақ елі орыс жұртын бауырындай көретіні баршаға аян. Бұл тұрғыдан келгенде ел ішінде айтылатын мына бір ұлағатты сөзді келтіре кеткен орынды:

*Орыс келді дегенше,
Құлазып жатқан даланың
Анасы келді десейші.*



*Қалғып жатқан еңбектің
Атасы келді десейші.
Бақытты бол, бай бол деп,
Ас қайырған қарттардың
Батасы келді десейші.*

Өзге халыққа деген ізет, құрмет, ілтипат осылайша айтылған.

Нақты тарихи тәжірибелер мен уақыт елегінен өткен, өнегелі қорытындыларға негізделген халық даналығының осы бір мәуелі, жемісті бұтағымен бірге, ел шешендерінің, жырау ақындарының да тұжырымды, мағыналы бата сөздері бар. Мысалдап айтсақ, Сегіз серінің атақты ғалымымыз Қаныш Сәтбаевтың әкесі Имантайға берген батасы. Ақын жас нәрестенің елдің жүгін арқалайтын алып, ақылгөй болуын армандайды. Соның бір үзігі мынадай:

*Қазыбектей халқыңның данасы бол,
Қарабастай жұртыңның бабасы бол.
Елін қорғап, дұшпанға соққы берген
Үш жүздің Бөгенбайдай панасы бол.*

Немесе, халық поэзиясының майталманы Жамбылдың батасын алайық:

*Құдайым осынау үйге дуа берсін,
Тіл-аузын дұшпаныңның буа берсін.
Келіннің балағынан бала саулап,
Салпы ерін сары ұлдар туа берсін.*

Бата сөздерінің асыл жұрнақтарын халық ақыны Қайын Айнабековтың, Бауыржан Момышұлының, тағы басқа ақын-жазушылардың шығармаларынан да көп кездестіреміз.

Қазақ халқының бата сөздерінен оның тарихи салт-дәстүрі, танымдық ерекшеліктері, тағылымдық сипаттары, әсіресе, этикалық-адамгершілік келбеті: семья жарастығын сақтауы, өскелең ұрпағын тәрбиелеуге негізделген ізгі арман-аңсары жарқын көрініс тапқан.

Бата (бата беру, бата алу) – халқымыздың қасиетті дәстүрі. Сондықтан «Батаменен ер көгерер, жауынменен жер көгерер» деген. Бата – қазақтың рухани қуат алатын сенім күші. Ол әдетте қадірлі ақсақал, ел ағалары тарапынан сенім ақтайтын абзал азаматтарға, талапты жастарға, жұрттың жүгін көтерген адамдарға немесе белгілі бір жандарға үлкендер жақсы іске риза болған жағдайларда берілетін ақ тілек, өмірлік жолдама. Халқымыз батаны да әр жағдайға сай беріп отырған, мәселен үлкеннің кішіге батасы, ас, дастархан мәзірі батасы, жол батасы, мал сойылғандағы бата, той батасы, ақынның батасы, т.б.

А.В. Васильев жинаған баталар өзіндік мағынасымен, көркемдігімен ерекшеленеді. Нәресте дүниеге келгенде, оны бесікке салғанда, ұлды үйлендіргенде, қызды ұзатқанда, жолға, аңға, еркіндікке шыққанда, қан майданға не қажылық сапарға аттанғанда, ас қайырғанда, көшкенде, ұлыстың ұлы күнінде, т.б. берілетін ақ баталарды топтастырған. Баталар өзінің тақырыбына, мазмұнына байланысты бірнеше түрлерге бөлінеді. А.В. Васильев бұларды түрге бөлмей, рет-ретімен қазақ және орыс тілдерінде қатар беріп отырған. Мысалы, игі тілек пен ізгі ниетке байланысты берілетін батаның бір үлгісі мынадай болып келеді:

*Түнде жорытқан ұрыдан сақта,
Аспандағы бөріден сақта,
Жаз жайлауды жаусыз ет,
Қыс қыстауды қарсыз ет,
Ұл мен қызды мұңсыз ет,
Шыққанның есесін бер,
Кіргеннің берекесін бер!*



немесе:

*Ақбөкендей қойлы бол,
Ор қояндай көзді бол,
Адам таппас сөзді бол,
Патшадай ұлды бол!*

Екінші батаны Қазан төңкерісіне дейінгі уақытта жиі айтқан.

А.В. Васильев жинап, жариялаған баталар 1992 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Ақ бата» (Құрастырушылар С. Негимов, Т. Қазіұлы) деген кітаптың бірінші бөлімінде түгелдей, өзгертілмей берілген [7]. Мысалы:

*Аумин десеңіз бізге,
Біз бата берелік сізге.
Жасың жетсін жүзге,
Желің кетсін құла түзге.
Мал мен басты,
Иман мен жасты
Қабат бермейді екен деп
Тәңірден күдер үзбе!*

не:

*Құдай жарылқасын,
Бақ қарасын,
Қыдыр дарысын
Айдан аман қылып,
Үйдегіні, түздегіні,
Мал мен басты
Аман қылсын!*

Бұл келтірілген мысалдан біз А.В. Васильевтің қазірге дейін қазақ арасында жиі айтылатын баталар үлгілерін жиғандығын көреміз.

«Бата» – қырғыз (қазақ) поэзиясының ерекше бір түрі. Мұнда бата беруші өзінің ризалық белгісі ретінде бата алушыға Құдайдан жақсылық тілейді. Батаны көбінесе жасы үлкен ақсақалдар береді. Ауылды жерлерде негізгі мамандығы өмірде болып жатқан әр түрлі жағдайларға байланысты «бата» беру болып табылатын ақсақалдарды жиі кездестіруге болады», – деп А.В. Васильев қазақ арасында жиі болған сапарларында жітілік, аңғарымпаздық танытқан. Зерттеуші келесі кезекте жергілікті байлардың ағыл-тегіл қонақасынан кейін, сондай-ақ үйге келген қонаққа да бата беруге міндетті деп, қандай жағдайларда бата берілетіндігін айтады.

«Қазақтардың жиналған жерлерінде бәрі бір мезгілде: «Бата бер, бата бер» деп, өздерінің ақсақалдарына ұсыныс айтуын көзбен көру керек, сонда ғана халық өмірінде ерекше орын алатын діни-ақындық өнерді түсініп, бағалай аламыз», – деп түйеді ойын осы жерде. Сондай-ақ зерттеуші бата берушілердің тайпалық-рулық қоғамда алатын орнын, беделін аңғара білген. Осы бата берушілер берген дарынды сөз ретіндегі бата үлгілері халық арасына демде тарап кететінін, ел ішіндегі жаттампаз жігіттер мұндай бата түрлерін сұрыптап, іріктеп алып, дереу таратып жіберетінін айтады.

А.В. Васильев: «Біз қырғыздардың (қазақтардың) халық ауыз әдебиеті өнеріндегі осындай шығармаларына қатты қызығамыз», – деп ағынан жарылады. Алайда, бата әрқашанда тілек түрінде бола бермейтінін ескерте кеткіміз келеді, кейде «оң батадан» ерекше, теріс тілектерді, қарғыстарды құрайтын «теріс баталар» болады. «Теріс бата» сирек кездеседі, көбінесе қысқа айтылады», – деп бірнеше мысал келтіреді. Мәселен, «Көрпең ұлғаймасын, көсеуің көгермесін», т.с.с. «Мұндай баталар, – дейді ғалым, – негізінен, әкесі баласын тыңдамағанда, үйінен кетіп қалған жағдайларда айтылады». Бұл пікірден оның бата түрлерін жақсы білгендігін айқын



көреміз.

Ол: «Бата міндетті түрде қолды жоғары көтеріп тұрып беріледі. «Оң бата» бергенде алақан адам жүзіне қаратылып айтылса, «теріс бата» берілгенде алақан адам жүзіне қарама-қарсы бағытта болады», – деген қорытынды жасайды.

1992 жылы Мемлекеттік Кітап Қазынасы «Баталар» деген кітапша шығарды. Бұл кітапшадағы баталар түгелімен А.В. Васильевтің жоғарыда айтылған кітабынан алынған.

Ал бүгінгі таңда туған тілек-бата сөздер қайта түзелген өскелең заманның рухына сай жаңаша жарасым, мәнге ие болған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 175 б.
2. Хамаганов М.П. Бурят афористік поэзиясының очерктері. – УланУдэ, 1959. – 250 б.
3. Радлов В.В. Алтын сандық. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 253 б.
4. Потанин Г.Н. Казахский фольклор в собрании. – Алматы, Ғылым, 1984. 282 с.
5. Васильев А.В. Киргизские молитвенные благожелания. Батасөз. – Оренбург, 1905. – 22 с.
6. Бахтин М.М. Эстетика поэтической словестности. – М.: Наука, 1963. – 402 с.
7. Ақ бата / Құраст. С. Негимов, Т. Қазіұлы. – Алматы: Жазушы, 1992. – 280 б.



ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАЗРАБОТКИ ПРОФЕССИОГРАММЫ СОВРЕМЕННОГО ПЕДАГОГА

Г.С. Кудайберген

***Аңдатпа.** Автор мақалада педагог мамандығына деген құндылықты қарым-қатынас қалыптастырудың негізгі міндеттерін анықтап көрсеткен. Осы міндеттерді жүзеге асыру аясында педагогикалық өсуді ынталандырудың түрлері мен әдістерін, оның ішінде мұғалімнің профессиограммасын анықтайды.*

***Аннотация.** В статье рассматривается формирование ценностного отношения к профессии педагога, необходимость сочетания традиций и инноваций в школе через рассмотрение содержания современной педагогической профессиограммы учителя.*

***Abstract.** The author defines the main objective of creating value attitude to the teaching profession. As part of these tasks, and taking into account the student-centered approach defined forms and methods of encouraging teachers growth, including teachers profессиogram.*

***Тірек сөздер:** педагог мамандығы, мұғалімнің профессиограммасы, мұғалімге кәсіптік талаптар, педагогикалық практика.*

***Ключевые слова:** профессия педагога, профессиограмма учителя, профессиональные требования к учителю, педагогическая практика.*

***Keywords:** teaching profession, profессиogram teacher, professional requirements for the teacher, teaching practice.*

Современная система образования, внедрение инновационных форм и методов обучения предъявляют все более высокие требования к личности и профессиональной компетентности современного педагога.

В государственной программе развития образования Республики Казахстана на 2011-2020 годы подчеркивается необходимость повышения престижа профессии педагога и подготовки высококвалифицированных педагогических кадров [1].

Индивидуальность учителя-воспитателя, его воздействие личным примером на учащихся, гражданским, заботливым отношением к ребенку подчеркивали В.А. Сухомлинский, И.П. Иванов, Н.К. Крупская, Ы. Алтынсарин, В.Н. Сорока-Росинский и другие. Огромное внимание изучению особенностей педагогической деятельности уделяли ученые-психологи Л.С.Выготский, А.И. Щербаков, Н.В. Кузьмина, И.А.Зимняя, В.П.Беспалько и др.

Следует отметить, что своеобразие педагогической профессии состоит в том, что она по своей природе имеет гуманистический, коллективный и творческий характер. С одной стороны, учитель подготавливает своих воспитанников к определенной социальной ситуации, конкретным запросам общества. С другой стороны, он, объективно оставаясь хранителем и проводником культуры, несет в себе вневременной фактор. Имея в качестве цели развитие личности как синтеза всех богатств человеческой культуры, учитель работает на будущее. В труде учителя всегда содержится гуманистическое, общечеловеческое начало. Сознательное его выдвижение на первый план, стремление служить будущему, видеть перспективу – качества, характеризующие прогрессивных педагогов всех времен. Так, известный педагог и деятель в области образования середины XIX века Фридрих Адольф Вильгельм Дистервег, которого называли учителем немецких учителей, выдвигал общечеловеческую цель воспитания в служении истине, добру, красоте: «в каждом индивидууме, в каждой нации должен быть воспитан образ мыслей, именуемый гуманностью: это стремление к благородным общечеловеческим целям» [2]. В реализации этой цели, считал он, особая роль



принадлежит учителю, который является живым поучительным примером для ученика. Его личность завоевывает ему уважение, духовную силу и духовное влияние. Ценность школы равняется ценности учителя.

Важным инструментом для профессионального роста педагога является профессиограмма (карта, атлас) учителя общеобразовательной школы. В профессиограмме отражены морально-психологические качества, необходимые для будущей учебной и воспитательной работы с учащимися, которые следует развивать в процессе самовоспитания и воспитания. Очень часто при разработке профессиограмм учителя за основу берутся профессиограммы В. О. Слостенина, Е. И. Антиповой, М. И. Болдырева.

К настоящему времени накоплен богатый опыт построения профессиограммы учителя, который позволяет профессиональные требования к учителю объединить в три основных комплекса, взаимосвязанных и дополняющих друг друга: общегражданские качества; качества, определяющие специфику профессии учителя; специальные знания, умения и навыки по предмету (специальности). Психологи при обосновании профессиограммы обращаются к установлению перечня педагогических способностей, представляющих собой синтез качеств ума, чувств и воли личности.

Учитель – не только профессия, суть которой транслировать знания, а высокая миссия сотворения личности, утверждения человека в человеке. В этой связи цель педагогического образования может быть представлена как непрерывное общее и профессиональное развитие учителя нового типа, которого характеризуют:

- высокая гражданская ответственность и социальная активность;
- любовь к детям, потребность;
- подлинная интеллигентность, духовная культура, желание и умение работать вместе с другими;
- высокий профессионализм, инновационный стиль научно-педагогического мышления, готовность к созданию новых ценностей и принятию творческих решений;
- потребность в постоянном самообразовании и готовность к нему;
- физическое и психическое здоровье, профессиональная работоспособность.

Эта емкая и лаконичная характеристика учителя может быть конкретизирована до уровня личностных характеристик.

Важно выделить, что в профессиограмме учителя ведущее место занимает направленность его личности. Рассмотрим в этой связи свойства личности учителя-воспитателя, характеризующие его социально-нравственную, профессионально-педагогическую и познавательную направленность.

К. Д. Ушинский писал: «Главнейшая дорога человеческого воспитания есть убеждение, а на убеждение можно действовать только убеждением. Всякая программа преподавания, всякая метода воспитания, как бы хороша она ни была, не перешедшая в убеждения воспитателя, останется мертвой буквой, не имеющей никакой силы в действительности. Самый бдительный контроль в этом деле не поможет. Воспитатель никогда не может быть слепым исполнителем инструкции: не согретая теплотой его личного убеждения, она не будет иметь никакой силы» [2].

Проблемы образования всегда актуальны, особенно тогда, когда в стране, в частности, в Казахстане продолжается реформирование системы образования. Поскольку образование неотделимо от своего носителя – педагога, вопрос о его личности как совокупности творческих, педагогических, психологических и коммуникативных качеств приобретает наиболее важное значение.

В настоящее время часто поднимают проблему профессиональных качеств учителя. Этот вопрос актуален, так как со временем изменяется государство и общество, а значит, меняются



требования, предъявляемые к учителю. Возникает вопрос, какие качества учителя должны быть постоянными, не зависящими от времени, а какие должны быть изменены? Так, например, всего 10–15 лет назад владение компьютерными технологиями не входило в число «компетенций» учителя, а сейчас это качество необходимо современному учителю.

Самое большое требование современные учащиеся предъявляют к таким профессиональным качествам учителя, как универсальная образованность, эрудиция, информированность, прогрессивность, способность вести интерактивные уроки, давать интересные задания. Немаловажную роль играют и такие качества, как внешний вид и стиль учителя. Очевидно, что именно в процессе общения с учителем как с личностью идет процесс обучения и научения, учащимся важно, чтобы их воспринимали как личности с их достоинствами и недостатками, на развитие ребенка влияние оказывают окружающие его люди, среди которых особое место занимает учитель.

Американский социолог У. Уоллер в работе «Что учение делает с учителем» (1932 г.) писал, что «многих учителей и вне школы отличает назойливо-дидактическая, поучающая манера держать себя. Привычка упрощать сложные вещи, чтобы сделать их доступными детям, способствует развитию негибкого, прямолинейного мышления, вырабатывает склонность видеть мир в упрощенном, черно-белом варианте, а привычка постоянно держать себя в руках затрудняет эмоциональное самовыражение».

В связи с преобразованием классической системы «передатчик знаний – приемник знаний» в процесс активного познавательного сотрудничества между учителем и учащимся как наиболее продуктивной формы обучения, особенно значимыми становятся такие качества педагога, как способность привить интерес и вовлечь обучаемого в творческий процесс познания. Современная образовательная система нуждается в новом типе учителя, способного гибко мыслить и нестандартно действовать в динамично развивающейся системе образования.

В педагогической практике известны два противоположных стиля работы учителей – авторитарный и демократический. С учетом личностно-ориентированного подхода и стиля работы учителя важную роль призваны сыграть такие формы и методы стимулирования педагогического роста, как педагогическая экспертиза и профессиограмма.

Главным качеством каждого педагога является педагогическое мастерство. Педагогическое мастерство – это вершина овладения профессией учителя, которое складывается из успешного решения многих школьных проблем: создание условий для творческой работы учителя, постановка на научной основе учебно-методической работы, обеспечение благоприятного для творческих поисков морально-психологического климата и др. Педагогам необходимо стремиться к постоянному пополнению своих знаний, совершенствованию методов обучения, знаний и профессионализма.

Профессиограмма – это идеальная модель учителя, образец, в котором представлены основные качества личности, которыми должен обладать педагог. Исходя из этого понимания смысла понятия «профессиограмма», можно говорить и о профессиографическом методе изучения личности, при котором осуществляется сравнение имеющихся у педагога знаний, умений и навыков с теми, которые могли бы быть у него в соответствии с идеальной моделью. Не трудно представить, что такой метод позволяет проектировать личностный и профессиональный рост педагога.

Вместе с тем профессиограмма учителя – это документ, в котором дана полная квалификационная характеристика учителя с позиций требований, предъявляемых к его знаниям, умениям и навыкам, личности, способностям, психофизиологическим возможностям и уровню подготовки.

Рассмотрение профессиограммного подхода показывает, что под профессиограммой



большинство исследователей подразумевает не только то, что связано с профессиональной деятельностью, но и все требования, предъявляемые профессией к человеку. Так, В.Н. Шуман, давая содержательную характеристику профессиограммы, основной акцент делает на профессионально важные качества личности, рассматривая их как основную характеристику профессиограмм [5].

Для изменения общества необходима перестройка учительского мышления в духе личностного подхода к воспитанию. Личностный подход – не просто учет индивидуальных особенностей учащихся, отличающих их друг от друга. Это последовательное, всегда и во всем, отношение к учащемуся как к личности, как к ответственному и самосознательному субъекту деятельности. К.Д. Ушинский писал, что «в огне, оживляющем юность, отливаются характер человека. Вот почему не следует ни тушить этот огонь, ни бояться его, ни смотреть на него как на нечто опасное для общества, не стеснять его свободного горения, и только заботиться о том, чтобы материал, который в это время вливается в душу юности, был хорошего качества».

Учитель должен быть высокообразованным, грамотным, добрым, чутким, интеллигентным, хорошим психологом. Причем, в век информационной технологии, когда подавляющее большинство учащихся владеют многообразной информацией, к уровню образованности учителя предъявляются еще более высокие требования.

В идеальном сознании образ учителя – это образ универсального человека. В данное время главной задачей учителя становится не просто научить, а научить учиться, то есть показать наиболее удобный путь получения информации, ее анализа и грамотного ее использования. Результатом этого может стать активное участие учащихся в процессе обучения, при котором учеба носит самостоятельный, естественный характер. Для этого обучение учащихся должно строиться не как преподнесение, заучивание и воспроизведение готовых знаний, а как открытие, получение знаний в ходе деятельности.

В настоящее время наблюдается постепенный переход от рецептивно-отражательного к конструктивно-деятельному построению обучения. Это и есть особенность современной системы, личностно-ориентированное обучение. Ориентация на личность в обучении означает, прежде всего, смену стиля педагогического общения, поощрение самостоятельности, формирование готовности к свободе выбора, развитие таких качеств личности, как уважение к себе и уважение к другим людям.

Развитие системы образования – непрерывный процесс, так как не может остановиться развитие всего человеческого общества, в целом, и процесс накопления знаний, в частности. Переход от древнейших наглядно-подражательных методов обучения к современным методам, с использованием высоких технологий – явление закономерное и неизбежное.

Любая деятельность может успешно осуществляться только при условии готовности к ее выполнению. В школе должны создаваться условия для развития индивидуального профессионального стиля. Педагог должен приобщаться к научно-исследовательской работе, экспериментаторству, творческому взаимодействию и сотрудничеству. Учителю надо владеть психолого-педагогическими, методическими, исследовательскими, прикладными умениями. К общепедагогическим умениям относят коммуникативные, организаторские, познавательные, конструктивные.

Учитель должен обладать убеждениями, мировоззрением, социально одобряемыми морально-волевыми качествами, рядом педагогических способностей и профессионально значимыми личностными качествами: навыками общения, педагогическим тактом, интуицией, эмоциональной уравновешенностью.

Обновление всех сфер жизни общества, стремление использовать новейшие технологии для обеспечения эффективности процесса обучения и наиболее полного развития



творческого потенциала учащихся ставит перед общеобразовательной школой новые задачи. Необходимо, чтобы обучение формировало новый тип мышления, новый стиль деятельности, ориентированный на более эффективное решение производственных, социальных, культурных и других проблем.

Именно поэтому педагог должен соединять в себе психолога, валеолога, физиолога, понимающего ребенка, создающего ситуации общения и деятельности, самостоятельности учащегося; он – специалист, умеющий выстраивать индивидуальную траекторию развития для каждого учащегося; он – правозащитник, охраняющий его права и здоровье, он – посредник между ребенком и взрослым миром.

От личности учителя зависит многое в деле воспитания и обучения. Личность учителя формирует личность учащегося. Ведущими задачами современного педагога являются:

- создание благоприятных условий для творческого развития и саморазвития личности учащегося;

- учет возрастных и психофизиологических особенностей учащихся;

- коррекция сложного мира отношений, интересов, увлечений ребенка: помощь ему в осознании основных социальных ценностей.

Какова же «модельная» личность учителя XXI века?

Японский педагог Т. Киучи предлагает модель учителя, в которую включает ряд существенных, по его мнению, признаков и качеств: способность одновременно учить и воспитывать, прочное теоретическое педагогическое образование, высокая культура и осознание ценностей воспитания, свобода и ответственность, причастность к интеллектуальной элите. И.И. Казимирская раскрывает следующие компоненты личности учителя XXI века:

- Гносеологический: осознание целостности человека и биосферы; осмысление места и роли педагогической деятельности в образовании личности.

- Аксиологический: осознание человеком высшей ценностью жизни; осознание личности в единстве с окружающим миром, природой; признание самоценности каждого периода жизни человека; признание высшей целью образования саморазвитие личности и др.

- Творческий: организовать свою жизнь как пространство непрерывного общекультурного и профессионального самосовершенствования; способность строить учебный процесс как совместную творческую деятельность и др.

- Коммуникативный: способность мыслить и строить учебно-воспитательный процесс в системе диалога; способность понимать другого, находить компромиссы, уметь вести дискуссию и др.

- Этический: способность осознавать культурно-творческие функции образования, культуру взаимоотношений; осознание педагогического процесса как двухдоминантного, в котором осуществляется диалог поколений; способность формировать эстетические критерии оценки явлений.

Добавим к портрету учителя, несущему здоровое начало в своей работе, нравственные черты характера: заботливость, душевность, доброжелательность, приветливость; внимательность; разумная требовательность; справедливость, снисходительность, терпеливость; готовность к взаимопониманию и взаимопомощи; толерантность (терпимость); самообладание; профессиональная гордость, уверенность в себе; требовательность к себе и к своей работе; стремление к новаторству и саморазвитию; трудолюбие, самообладание при решении педагогических задач; деловитость, целеустремленность, инициативность; правильная самооценка; подвижничество.

Ведущими эмоциональными чертами характера учителя должны оставаться: эмпатия, то есть способность сопереживать чувствам учащихся и их родителей; оптимизм; бодрость,



веселость; доброжелательность; удовлетворенность успехами учащихся; щедрость на похвалу; «подход к ребенку с оптимистической гипотезой», дружелюбное отношение к ребенку.

Профессия учителя – ответственная и сложная профессия. Веками накопленная педагогическая теория, содержащая положения о том, как должно совершаться обучение и воспитание, зачастую не содержит конкретных и точных ответов на вопросы повседневной практики. Но как показывают психолого-педагогические исследования, деятельность учителя бывает эффективной, если он, обладая профессиональной компетентностью, способен создавать в классе атмосферу тепла и взаимного доверия.

Развитие продуктивного мышления учителя – генерация множества необычных идей, развитие прогнозирования – прогноз возможных событий, принятия решений, их выбор из альтернатив, взвешивания окончательных решений - все это благоприятствует проявлению мастерства педагога.

Список использованной литературы:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118-Астана, 2010.

2. Слостенин В.А. и др. Педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В. А. Слостенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов; Под ред. В.А. Слостенина. - М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 576 с.

3. Шуман В.Н. Формирование профессионально-педагогической направленности студентов /В. Шуман //Советская педагогика. - 1973. - № 3. - С. 75-84.



ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ МЕН ЖАҢА ЗАМАН ҮНДЕСУІ

Жуырда «Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы: тарих тағылымы мен жаңа заман үндесуі» атты Академияның 80 жылдық мерейтойына арналған жаңа жинақ қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді.

Елбасы – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның болашағын «Мәңгілік Ел» идеясымен байланыстырғанда, алдыңғы орындардың біріне ұлттың тарихи санасын қояды. Ұлттың тарихи жады неғұрлым терең, тарихи санасының тамыры неғұрлым берік болған сайын әрбір адамның да, қоғамның да рухани әлемі кең де таза болады.

Кітапты әзірлеу үшін Академия президенті Ж.О.Жылбаевтың басшылығымен құрылған арнайы шығармашылық топ материалдар жинауда үлкен ізденіс жасады. Кітапта мұрағат материалдары, фотосуреттер, тарихи құжаттардың көшірмелері, білім беру саласы ардагерлерінің естеліктері берілген.

1921 жылы Орынбор қаласында қазақтың таным мен рухани күмбезінде Темірқазықтай орны бар ғұлама, ірі мемлекеттік қайраткер Ахмет Байтұрсынұлының басқаруымен Қазақ Комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтан (Ақорталық) бастап, 1933 жылы Алматыда ашылған педагогикалық ғылыми-зерттеу институты, Педагогика және мектеп ұйымдары институты, Мектеп ҒЗИ, Педагогика ғылымдары ҒЗИ, одан Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы болып өзгерген тағылымға толы жолы кітапта оқырманға жүйелілікпен баяндалған.

2008 жылы Академия жаңа мәртебеге ие болып, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы атанды. Академия өзінің бүкіл тарихи жолында білім берудегі игілікті міндетін серпінді жоспарлар мен іргелі істер арқылы жүзеге асырып келеді.

Академияның іргесі қаланғаннан бастап жүріп өткен жолы тегіс, даңғыл болмағанымен жемісті болғаны анық. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының қызметкерлері барлық уақытта сондай ұлылық пен парасаттылықты ұлықтап келген игі жолды ұстанады және қазақстандық педагогикалық жүйені дамыту тұғырынан түспейді.

Кітаптың мазмұны үлкен тарихты құрап отыр, оның ішіндегі сүбелі үлес – Академияның болмысын қалыптастыруда ерен еңбек еткен ардагерлердің естеліктері болып табылады. Сол ардақты азаматтардың, ғалымдардың, ұстаздардың барлығына еткен еңбектері, берген маңызды мәліметтері үшін шынайы алғысын айту, жағдайларын білу, ұсыныстары мен ақыл-кеңестерін алу мақсатында Академияның президенті Ж.О. Жылбаев 2015 жылдың 10 ақпанында Алматы қаласында бір топ ардагерлермен кездесіп, мерейтойлық кітаптың тұсаукесерін жасады. Кездесу «Өрлеу» АҚ базасында өтті.

Жиынға Академияның құрылуы мен дамуына орасан үлес қосқан ғалымдар: Н.Б. Абаева, Н.Н. Нұрахметов, С.Қ. Қалиев, Т.Т. Тұрлығұл, Б.Б. Баймұханов, Р. Башарұлы, М.С. Сәтімбекова, Ш.Т. Таубаева, Г.К. Нұрғалиева, Д.М. Қазақбаева, У.Қ. Токбергенова, Қ.Л. Қабдолова қатысты.

Кездесуді Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті Ж.О. Жылбаев ашып, кітаптың мақсаты – Академияның халық алдындағы қастерлі міндетін, еліміздің білім беру жүйесін ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік қамтамасыз ету ісінің өткен ғасырдың 20-жылдарынан бастау алған ұрпаққа үлгі болар ғибратты тарихын таныту екендігіне тоқталды, Академияның бүгінгі тыныс-тіршілігі, алдағы уақытқа жоспары туралы айтып берді:

Қазіргі кезде Академияда 80 адам қызмет етеді, оның ішінде 6 ғылым докторы, 15 ғылым кандидаты бар. Академияның құрылымы орта білім беру институтынан, оның құрамындағы 6 зертханадан тұрады – қазақ тілі мен әдебиеті, 12 жылдық білім, бастауыш білім, жаратылыстану-математикалық білім, қоғамдық-гуманитарлық білім,



эстетикалық-технологиялық білім зертханасы. Сонымен бірге Академияда екі орталық – ғылыми зерттеулер орталығы және баспа орталығы, екі бөлім – кәсіптік білім бөлімі мен тәрбие және этномәдениет бөлімі; қаржы-экономикалық басқарма мен әкімшілік қызмет басқармасы қызмет етеді.

Жаңа жылдан бастап, Академияға үш мекеме қосу жоспарланып отыр. Олар: республикалық мектепке дейінгі білім орталығы; қосымша білім орталығы және Болон процесі орталығы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Саринжилов Аслан Бакенұлы Академияның дәрежесін көтеру міндетін қойып отыр. Бүгінгі күні осы бағытта жұмыстар жүріп жатыр.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бүгінгі қызметі – қазақстандық білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінің дамуын ғылыми, әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қолдау, оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен тәжірибесі, іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу, әдістемелік семинарлар, конференциялар өткізу, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, ғылыми және ғылыми-әдістемелік басылымдар әзірлеу және шығару, ғылыми-әдістемелік журналдар шығару, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ және «Назарбаев Университеті» тәжірибесін талдау және трансляциялау бағытындағы ауқымды жұмыс болып табылады.

Болашаққа сенімді көз тіге отырып, Академия ұжымы қазақстандық білім беру жүйесін жаңартуға, оның мазмұнын жаңғыртып, сапасын арттыруға және білім берудің әлемдік озық деңгейіне жету үшін алда тұрған міндеттерді шешуге жұмылуда.



Академия президенті Ж.О. Жылбаев, ардагерлер Н.Б. Абаева, Ш.Т. Таубаева, Г.Қ. Нұрғалиева, Б.К. Құдышева, М.С. Сәтімбекова, Қ.Л. Қабдолова, Д.М. Қазақбаева.

«Өрлеу» АҚ директоры Г.К. Ахметова құттықтау сөз сөйледі: Мен Академияда жеті жылдай жұмыс істедім. 1979 жылы Педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтына кіші ғылыми қызметкер болып орналасып, Павлодардан көшіп келдік. Институт директоры Роза Дүйсебайқызы Есенжолова болатын. Ол кісі маған үлкен сенім көрсетті.

Академия – үлкен ғылыми орталық, онда бірнеше институттар болу керек. Соған қазіргі басшылар атсалысып жатыр. Бұл өте жақсы. Кітап шығарыпсыздар, ол да дұрыс.

Құрметті ардагерлер, сіздерді көргеніме өте қуаныштымын. Қош келіпсіздер, «Өрлеу» ұлттық ғылыми біліктілік арттыру орталығына! Біздің құрылымымызға екі жылдан асты, біз жаңа мекемеміз. Лекция оқыларыңыз келсе, біздің жұмысқа қатысқыларыңыз келсе, біз ашықпыз. Бұл шаңырақ сіздерге бөтен шаңырақ емес.

Кездесу барысында Академияның ардагер ұстаздары сонда қызмет еткен жылдарын, мектеп, балабақша және республикалық ұлттық білім беру мекемелерінің қызметкерлерінің жинаған тәжірибелерін зерттеу мен жинақтау бойынша жүргізілген шығармашылық жұмыстарын, сонымен қатар мектептегі оқыту мен тәрбиелеудің теориялық және практикалық мәселелері бойынша өнімді еңбек еткен жылдарын сағынышпен, мақтанышпен еске алды. Оқулықтарды жазу, сараптама жасау, оларды апробациялау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілгенін сөз етті.

Абаева Н.Б. (1984-1991 жылдары *Б.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтының директоры*): Білім беру мәселелері теледидардан аз көрсетіледі. Біздің балаларымыздың қалай тәрбиеленіп жатқанын білмейміз, осы жайлы талдаулар жасалмайды. Тіпті жалпы халық хабардар болып, ұстаздар өз қызметтерінің талданып отыратынын білуі үшін, балалармен жұмыс жасап, өз біліктерін жетілдіріп, өз ісінің, Отаны мен халқының патриоттары болулары үшін біздің педагогтерге сыни-талап қойып отыру керек. Сонда ғана болашақ ұрпаққа рухани-адамгершілік бағытта дұрыс тәрбие бере аламыз. Қазақ халқының рухани бай екенін, әр қазақ отбасында керемет дәстүрлер болғанын, олардың әлі күнге дейін сақталғанын түсіндіруіміз керек. Неге осы құндылықтарды одан ары, ұстаздар өздерінің тәрбиелік жұмыстарында, ата-аналар өз отбасында қолданатындай етіп дамытпасқа.

Тағы айта кететін жайт, бір кездері Педагогика ғылымдары ғылыми зерттеу институтының кітапханасы болған. Кейін оның жұлма-жұлмасын шығарып, тарқатып жіберді. Дәлізге шығарып тасталған бағалы кітаптарды жинадық. Менде қалғаны – оқулық жазудың тұжырымдамалық негіздерін қарастыратын КСРО Педагогикалық ғылымдар академиясының «Кітап жасау теориясы» оқулығы. Сол кітаппен, басқа да құнды оқулықтармен сіздермен бөлісер едім.



Академия президенті Ж.О. Жылбаев, ардагерлер Б.Б. Баймұханов,
Т.Т. Тұрлығұл.

Нұрахметов Н.Н. (Ы.Алтынсарин атындағы Педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтының директоры (1991-1992 ж.ж.), Қазақ білім проблемалары институтының директоры (1992-1997 ж.ж.). Химия ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты) республикамызда кенжелеп қалған әдістемелік педагогика саласының жұмысын жолға қойып жандандыруға байланысты атқарылған ауқымды іс-шараларға тоқталды. ТМД елдерінің арасынан алғашқылардың бірі болып Мемлекеттік білім стандартын жасауға қол жеткізудегі қиыншылықтар мен ізденістерді еске алды. Сол кезде аса маңызды 4 құжат: «Қазақстан Республикасында Жалпы білім берудің Мемлекеттік стандарты туралы Ереже», «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің даму тұжырымдамасы», «Жалпы орта білім мазмұнының тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің Мемлекеттік базистік оқу жоспары» жан-жақты талқылаудан кейін тәжірибеге енгізілген болатын. Институттың жанынан алғаш рет педагогика ғылымдарынан кандидаттық диссертация қорғайтын аймақтық ғылыми кеңес ашылды. Аз ғана жылдың ішінде 40-тан астам талапты жастар ғылыми дәреже алды, бірқатары қазір ғылым докторы.

Ардагер басшы мектеп оқулықтарының сапасына, мұғалімдердің даярлық деңгейіне, мектептердегі орын алып отырған кейбір келеңсіз жайларға, білімнің жағдайына алаңдаушылық білдірді.



Академияның қалыптасып, дамуына үлкен үлес қосқан педагог-ғалымдар (солдан оңға қарай) Г.Қ. Нұрғалиева, Ш.Т. Таубаева, М.С. Сәтімбекова, Н.Б. Абаева, Г.К. Ахметова, Қ.Л. Қабдолова.

Қалиев С.Қ., педагогика ғылымдарының докторы, профессор: Біздің кезімізде Академияда бірталай жұмыстар істелініп еді. Оқулықтар жазылған, оқу әдістемелік құралдар жазылған, бағдарламалар жазылған. Академия өз дәрежесінде істеді ол кезде, Қазақстанға белгілі болды. Жаңа келген президент, оқу жүйесінде көптен істеген азамат екенсіз, біліміңіз жетеді. Сізге Академияны үлкейту керек. Ол үшін Академияда оқулық жазу қызметі болу керек. Орыс тілінде «Антология педагогической мысли Казахстана» кітабының қысқартып екі томын жасадым. Соны Сізге әдейі алып келдім,

пайдаланыңыздар. Академияның көркейіп өскеніне, көсегесі көгергеніне, шаңырағының биік болғанына алыста жүрсек те қуаныштымыз.

Нұрғалиева Г.К., педагогика ғылымдарының докторы, профессор: Бұл жинақтың жарық көргеніне өз қуанышымды білдіргім келеді. Керемет жинақ. Бұл – тұтас Академия туралы, осы жинақтың дүниеге келуіне маңдай терін төккен Сіздер туралы естелік. Біздің басымызды осылай бір жерге жинау үшін сол адамның өзі ынталы және ізгі жан болуы керек. Жинақта қатты ұнағаны Академия президенттері туралы бөлім. Ол жердегі әр тұлға Академияның дамуына өзінің зор үлесін қосты.

Конкурс бойынша мен орта білім институтының директоры болуым керек еді, бірақ кәсіптік білім бөлімінің директоры болуымды өтінді, осыған өте қуаныштымын. Бір жыл ішінде осы күнге дейін өмірлік азығым болып келе жатқан көптеген пайдалы нәрселерді сіңірдім. Барлық негізгі құжаттарды жасадық. Бастауыш және орта білімді халықаралық кодтауға сәйкес алғашқы классификатор осы институтта әзірленді. Біз әрдайым ынтымақтастыққа дайынбыз.

Сонымен қатар, педагогикалық ғылым бойынша жобаларды анықтау Академияға жүктелсе екен. Қай жобаны қаржыландыру керек, қайсысын қаржыландырмау керек туралы шешімді Академия шығару тиіс. Алдымыздағы үш жылда бюджеттен қаржыландыруға біздің педагогикалық ғылыми әдебиеттерді цифрлау жобасын енгізу керек. Қазақстандық сайттарды, олардың педагогикалық мазмұнын қарасаңыз, құнды нәрсе таппайсыз. Ал бізде қызықты жұмыстар жетерлік.



Кездесуге қатысушылар

Баймұханов Б.Б., педагогика ғылымдарының докторы, профессор: Негізгі мәселе – Елбасымыздың 2012 жылғы Жолдауында көрсетілген оқушыларымыздың функционалдық сауаттылығын дамыту. Өте бір дұрыс айтылған сөз. Қазіргі білім беру саласы қалай өзгеруде, қайда кетіп бара жатыр, соны біліп айтқан. Содан кейін 2012 жылы «2012-2016 жылдарға арналған оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жөніндегі іс-әрекет» деген Үкімет қаулысы шықты. Сол қаулы өте бір жақсы жазылған. Оқушылардың, жастардың сауаттылығын қалай арттырамыз, ол үшін не қажет. Сосын соның әрбір тетіктері жазылған, қалай жету керек, қандай мақсаттар, не



істеу керек, бәрі бар. Соған байланысты стандарт өзгереді, оқулық қайта жазылады, адамдармен жұмыс басқаша істелінеді. Мұғалімдерді дайындау өзгешеленеді. Ал бірақ не істелініп жатқанын көріп отырғаным жоқ.

PISA 2000 жылдан бастап еніп келе жатыр. Үш жыл сайын, үш бағыт бойынша тексереді ғой, математикалық сауаттылық, оқудың сауаттылығы, сосын жаратылыстану. Қытай үш жағынан да өне бойы бірінші орындарда. Содан кейін Оңтүстік Корея, Жапония, Финляндия. Қытай қатаң тәртіп негізінде жетіп отыр деп айтады. Ал, Оңтүстік Корея, Жапония, Финляндияда мұғалімге, ата-анаға байланысты. Оларда педагог мамандар түсетін орындарға конкурс бір орынға 10 адам. Себебі мұғалім статусы өте жоғары, жалақысы да, әлеуметтік жағдайы да жақсы. Сосын оларда оқу жылында 40 күн өз білімін жетілдіруге беріледі, аптасына 1 күн өз сауаттылығын жетілдіреді.

Қазір ақпараттық қоғамға келдік. Ақпараттық қоғамда функционалдық сауаттылық қандай болу керек? Бүгінгі алып шыққан білім ғылымның, техниканың тез дамуына байланысты ертең жарамсыз болып қалып жатыр. Көп адам функционалды сауатсыз болып қалады, бұл жұмыссыздық қатеріне соқтырады.

Башарұлы Р.Б., профессор: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген қазақтың мақалы бар. Бүгінгі шығарып әкелген жинақтарыңыз сондай ойлы, тамаша басталған. Мен бүгінге дейін Академияның мерейтойына арналған үш жинақты көріп отырмын. Алдыңғыларының тұсаукесеріне өзім де қатыстым, мына отырған кісілер де қатысты. Бұл сол жинақтардың ішіндегі ең жақсы кітап болып шыққаны.

Біз кезінде бірқатар Білім академияларының жұмысымен танысып көрдік. Украинада 1600 адам жұмыс істейді екен. Тәжікстан академиясының өзінде 300 адам қызмет атқарады екен. Ал енді сіздерде – сексен адам. Академияның әлеуетін қалай көтеруге болады? Өткен ғасырдың 20-жылдарындағы Ахмет Байтұрсынұлының Академиялық орталық құрған кезінде отыз оқулықты қалай дайындаған, авторларды қайдан алған? Сонда қарап отырсам, қоғамдық ұйымдарды пайдаланған екен. Қаныш Сәтбаев, Мағжан Жұмабаев сияқты авторларды тартып, Қазақстанның әр аумағында физиктер қоғамын, биологтар қоғамын құрып, сол қоғамның тізімі академияға беріліп, ол адамдардың әлеуеттері қандай, соны зерттеп соған сәйкес байланыстыру жұмыстарын жасаған. Міне осындай байланыс бізде жоқ. Қоғамдық ұйымдар, академиялар бар, бәрі жеке-жеке бір бірімен байланыссыз жұмыс жасап отыр. Егер Академия осыны біріктіре алатын болса әлеуеті арта түсер еді деп ойлаймын.

Тұрлығұл Т.Т., педагогика ғылымдарының докторы, профессор: ЮНЕСКО ұйымдастырған комиссиясының қорытындысы бойынша оқушылардың мектепке қатысуы жөнінде Қазақстан дүниежүзі бойынша 140 мемлекет ішінде 18 орында тұр, ал білім жөнінде 101 орында. Білім сапасын көтеру деген әл-Фараби тұсынан бері айтылып келеді, әлі ол сапа көтерілген жоқ, неге? Балалардың білімі формалды тексеріледі. Білім тексеруде бізде технология жоқ дейді қазір. Біз кезінде әр типті мектепті: шағын жинақты мектептер, жалпы білім беретін орта мектеп, колледж, кешкі мектеп, осылардың бәрін қамти отырып, Қазақстан бойынша үш жыл бойы тексеріп, қазақ мектебінде оқушылардың білімі, бағдарламаны орындауы мынадай-мынадай деп есебімізді бердік. Мендегі ұсыныс, қайтадан осындай екі-үш топ құрып білімді тексерсе, жазбаша тексерсе. Ал Сізге үлкен рахмет, мынадай үлкен кітап шығарып, артынша қазақшалап шәй бергеніңізге, бәріңізге рахмет.

Сәтімбекова М.С., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент: Егемендік алғанға дейін мектепке дейінгі педагогикаға байланысты өз алдына бағдарлама болған емес. 1991 жылы балабақшаға арналаған тұжырымдама жарияланды, тұжырымдама негізінде

стандарт, төл бағдарламамыз дайындалды. Сол бір бағдарламаның ішкі мазмұнынан 18 кандидаттық, 5 докторлық диссертация қорғалды. 30 жылдан астам уақыт Академияда істедім, егемендік алғаннан кейінгі дүниенің бәрі менің қолымнан өтті.

Таубаева Ш.Т., педагогика ғылымдарының докторы, профессор: 20 жылдай ғұмырымызды Академияға арнадық, одан жаман болған жоқпыз. Кіші ғылыми қызметкерден директорға дейін өстім. Ғылымда лауазым жоқ. Көптеген ұсыныстар айтылды, енді оны іске асыратын адам керек. Академияда істеп жүргенде басшымыз Ақселеу Сейдімбек шақырып алып айтты: «Шәркүл, осы Академияның бет-бейнесі жоқ сияқты, ұйымдастыршы, 20 шақты немесе одан да көп үлкен-үлкен мақала жазылу керек, үлкен баспа беттерінен жарыққа шығу керек», - деді. Соған қарап ойлаймын, Академияның статусы бір күнде көтеріліп кетпейді, ол көптеген жағдайларға байланысты ғой, сол көтерілу жағын ойластыру керек. Менің ойым, сіздерде бұрынғыдай диссертациялық кеңес болу керек. Екіншіден, әдіснама саласынан республика бойынша конференция ұйымдастырсақ деген ой айтқым келіп тұр. Қазақстанда Ұлттық педагогикалық энциклопедия керек. Материалдар жинап жатырмын, конкурсқа бердім. Өтпей қалды. Осындай ұсыныстар өте көп, олардың бәрі айтылғанмен, орындалғаны дұрыс деп ойлаймын.

Кездесуге қатысушыларға мерейтойлық кітап сыйға тартылды. Академияның өткені мен бүгіні талданған, ертеңі болжанған, көркем безендірілген жинақты ардагерлер жоғары бағалады және Академия ұжымына жемісті еңбек тілеп, жиналған білім мен тәжірибені кеңінен таратуға, ынтымақтаса жұмыс жасауға ниет білдірді.

Жұмағали НАУРЫЗБАЙ,
профессор



БІЗДІҢ АВТОРЛАР

- Абильдинова Г. М.** – п.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің информатика кафедрасының доцент м.а., Астана қ.
- Адиет Қ. Б.** – Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Әмірова Ә. Қ.**– Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.
- Баешова А. К.** – тех.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының профессоры, Алматы қ.
- Байғожанова Д.С.** – п.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, информатика кафедрасы, Астана қ.
- Байғожанова М.Ә.** – Қазақ ұлттық өнер университеті колледжінің оқытушысы, Астана қ.
- Байтерекова Н. И.** – Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы, Түркістан қ.
- Бақытқызы А.** – Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі, Астана қ.
- Вербицкая Н. О.** – п.ғ.д., Орал мемлекеттік орман шаруашылығы техникалық университеті, «Автомобиль көлігі» кафедрасының профессоры, Екатеринбург қ., Ресей
- Давлетова А. Х.** – п.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің информатика кафедрасының доценті, Астана қ.
- Демидов Д. В.** – тех.ғ.к., Орал мемлекеттік орман шаруашылығы техникалық университеті, «Көлік кәсіпорнындағы экономика мен басқару», «Автомобиль көлігі» кафедраларының доценті, Екатеринбург қ., Ресей
- Демидова Г. А.** – Орал мемлекеттік орман шаруашылығы техникалық университетінің аспиранты Екатеринбург қ., Ресей
- Диханбаева И. Ж.** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.
- Досполов С. Р.** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің информатика кафедрасының магистранты, Астана қ.
- Елемесова А. С.** – п.ғ.к., «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.
- Жақұпбаева А. А.** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты, Алматы қ.
- Жетімекова Г. Ж.** – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.
- Қошанова Г. Д.** – п.ғ.к., Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы, Түркістан қ.
- Қуан А.** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, информатика кафедрасының магистранты, Астана қ.
- Құдайберген Г.С.** – педагогика және психология кафедрасының магистранты, “Тұран-Астана” университеті, Астана қ.
- Қыпшақбаева А. Қ.** – педагогика ғылымдарының магистрі, Астана қ.
- Мансұров М. Б.** – физика пәнінің оқытушысы, Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана қ.
- Мубарақов А. М.** – п.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің информатика кафедрасының профессоры, Астана қ.
- Наурызбай Ж.Ж.** – п.ғ.д., профессор, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.
- Рахимжанова Қ. Ғ.** – олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп – интернат – колледжінің математика пәні мұғалімі, Алматы қ.
- Тұяқов Е. А.** – п.ғ.к., доцент, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.

НАШИ АВТОРЫ

- Абильдинова Г. М.** – к.п.н., и.о. доцента кафедры информатики Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, г. Астана
- Адиет Қ. Б.** – старший научный сотрудник, Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, г. Астана
- Амирова А.К.** – старший научный сотрудник, Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, г. Астана
- Башова А. К.** – д.т.н., профессор кафедры общей и неорганической химии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы
- Байгожанова Д.С.** – к.п.н., доцент кафедры информатики Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, г. Астана
- Байгожанова М.А.** – преподаватель колледжа Казахского национального университета искусств, г. Астана
- Байтерекова Н. И.** – старший преподаватель, Международный Казахско-Турецкий Университет имени Х.А.Ясави, г. Туркестан
- Бахыт А.** – старший научный сотрудник, Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, г. Астана
- Вербицкая Н. О.** – д.п.н., профессор кафедры «Автомобильный транспорт» ФГБОУ ВПО «Уральский государственный лесотехнический университет», г. Екатеринбург, Россия
- Давлетова А. Х.** – к.п.н., доцент кафедры информатики Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, г. Астана
- Демидов Д. В.** – к.т.н., доцент кафедры экономики и управления на предприятии транспорта, доцент кафедры «Автомобильный транспорт» ФГБОУ ВПО «Уральский государственный лесотехнический университет», г. Екатеринбург, Россия
- Демидова Г. А.** – аспирант ФГБОУ ВПО «Уральский государственный лесотехнический университет», г. Екатеринбург, Россия
- Диханбаева И. Ж.** – магистр гуманитарных наук, Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, г. Астана
- Досполов С. Р.** – магистрант кафедры информатики Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, г. Астана
- Елемесова А. С.** – к.п.н., университет «Туран-Астана», г. Астана
- Жакупбаева А. А.** – магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы
- Жетимекова Г. Ж.** – Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова, г. Караганда
- Кошанова Г. Д.** – к.п.н., старший преподаватель, Международный Казахско-Турецкий Университет имени Х.А. Ясави, г. Туркестан
- Куан А.** – магистрант кафедры информатики Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, г. Астана
- Кудайберген Г.С.** – магистрант кафедры педагогики и психологии университета “Туран-Астана”, г. Астана
- Кыпшакбаева А. К.** – магистр педагогических наук, г. Астана
- Мансуров М. Б.** – преподаватель физики, Казахский национальный университет искусств, г. Астана
- Мубаракوف А. М.** – д.п.н., профессор кафедры информатики Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, г. Астана
- Наурызбай Ж.Ж.** – д.п.н., профессор, Национальная академия образования имени И.Алтынсарина, г.Астана
- Рахимжанова К. Г.** – учитель математики, Республиканская специализированная школа – интернат – колледж олимпийского резерва, г. Алматы
- Туяков Е. А.** – к.п.н., доцент, Национальная академия образования имени И.Алтынсарина, г.Астана

АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕ

1. Басылымдарға қазақ, орыс және шетел тілдерінде педагогикалық бағытта жазылған мақалалар қабылданады. Шетел тілінде жазылған мақалаларды жариялау жағдайында, нотариус арқылы расталған, мәтіннің қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі. Қолжазбаны автор мұқият тексеріп, редакциялап шығуы тиіс.

2. Ғылыми дәрежесі жоқ авторлардың мақалаларына ғылым докторының немесе кандидатының, философияның PhD докторының рецензиясы қоса берілуі тиіс.

3. Компьютерде терілген қолжазба мақалалар 1 данада, жол аралығы бір интервал, парақтың бір жақ бетіне басылған, парақтың жол жиегі: сол жағы - 30 мм., оң жағы – 15 мм., үстіңгі және астыңғы жолағы – 20 мм. және «Windows үшін Word 7,0 (97. 2000)» мәтіндік редакторында электрондық нұсқада қабылданады.

4. Қолжазбаның көлемі (кестелерді, әдебиеттер тізімін, суреттердің жазбаларын, суреттерді қосқанда) 3 беттен кем болмауы және 10 беттен аспауы тиіс.

5. Суреттер көлемі мақаланың 1/4 көлемінен аспауы тиіс.

6. Мақала қатаң түрде келесі ережелерге сәйкес ресімделуі керек:

- әмбебап ондық жіктеме кестесі бойынша ЭОЖ;

- мақала атауы мақаланың мазмұнын нақты ашуы тиіс және 8-10 сөзден аспауы керек; техникалық параметрлері: кегль – 14-пункт, қаріп түрі – Times New Roman бас әріппен, қалың шрифтпен, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;

- автор(лар)дың аты-жөн(дер)і, сондай-ақ мекемелердің толық атауы келесі техникалық параметрлерге сәйкес келуі керек: кегль – 14-пункт, қаріп түрі – Arial, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;

- аңдатпа кіріспе сөздерді қамтымай, мақаланың басты ақпаратынан түйін беруі тиіс, көлемі 15 қатардан аспауы керек, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде келесі параметрлерге сәйкес жазылуы қажет: кегль – 12-пункт, қазақ тілі үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін қаріп түрі – Times New Roman, оң жақ-сол жақ шегінісі – 1 см., жол аралығы бір интервал;

- мақала мәтіні: кегль – 14-пункт, қазақ тіліндегі мақалалар үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдеріндегі мәтіндер үшін қаріп түрі – Times New Roman, жол аралығы бір жарым интервал;

- мақала кіріспеден басталады, онда тақырыптың өзектілігі қысқа, ықшам әрі нақты көрсетіледі, ғылымилығы (міндеттері) тұжырымдалады;

- мақала негізгі қорытындымен тұжырымдалады, онда кіріспеден қозғалған мәселеге нақты жауап болуы тиіс;

- мақаладағы сілтемелер және/немесе пайдаланылған әдебиеттер 2003 жылғы МЕМСТ 7.1-тармағы бойынша ресімделуі тиіс. Библиографиялық жазба, библиографиялық сипаты. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережесі (2003 жылғы МЕМСТ 7.1-тармағы, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес қабылдаған). Жұмыстардың тізімі оларды мәтінде ескеру тәртібімен ұсынылады. Барлық сілтемелер түпнұсқа тілінде көрсетіледі (латын қарпін пайдаланбайтын жапон, қытай және басқа тілдердегі атаулар орыс тіліндегі транскрипциясымен жазылады. Ең алдымен қазақ тіліндегі, содан соң орыс тіліндегі және әліпбилері туыстас (украин, болгар және т.б.) тілдердің, келесі кезекте латын әліпбиімен берілген еңбектер көрсетіледі. Қолжазбадағы сілтемелер мен ескертулер реттік нөмірмен белгіленеді және төрт бұрышты жақшаларға алынады;

- мәтіндегі кестелер сілтемелерден соң орналастырылады, мәтінде оларды ескеру тәртібімен нөмірленеді, әр кестенің өз тақырыбы, атауы болуы тиіс. Диаграммалар мен графиктер кестені қайталамауы тиіс. Кестелердегі материалдар мәтінге қосымша мәліметсіз түсінікті болуы тиіс. Кестеде пайдаланылған барлық қысқартулар кестенің астында орналастырылған ескертуде анық берілуі қажет;

- суреттер TIFF (*.TIF) немесе JPG форматында (Word-қа орналастырудың қажеті жоқ) жеке файлмен ұсынылады. әр суретке мәтінде бір сілтеме болуы тиіс, суреттер реттік нөмірмен белгіленеді, суреттердің астындағы жазбалары толық ақпаратты қамтуы тиіс;

- қысқартулардың тек жалпы қабылданған нұсқаларына ғана рұқсат етіледі – өлшемдердің, физикалық, химиялық және математикалық шамалар мен терминдердің және т.б. атаулары;

- Математикалық формулалар Microsoft Equation ретінде терілуі тиіс (әр формула – бір объект).

7. Редакция мақалаға әдеби және стилистикалық өңдеу жүргізбейді. Қолжазба авторларға қайтарылмайды. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес ресімделмеген мақалалар журнал бетіне жарияланбайды.

8. Мақала қолжазбасын және электронды нұсқасын келесі мекенжай бойынша жолдауларыңызға болады: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Орынбор к-сі, 4, «Алтын Орда» БО, 15-қабат, каб. 1507. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

9. Байланыс тел: 8 (7172) 57-66-49

E-mail:

bilim-edu.2003@mail.ru

// жазылу индексі 75754

nao12@list.ru

// жазылу индексі 75382

profkaz@mail.ru

// жазылу индексі 75939

10. Автор туралы мәліметтер бөлек бетте (қағазды және электронды нұсқада) жазылады:

- толық Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, жұмыс орны (журналдың «Біздің авторлар» бөлімінде жариялау үшін);

- толық пошталық мекенжайы, қызметтік және үй телефондарының нөмірлері, E-mail (редакцияның авторлармен байланысуы үшін, электронды мекенжай журналға жарияланбайды);

- мақала атауы және автор(лар)дың аты-жөн(дер)і қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылуы тиіс («Мазмұны» үшін).

Реквизиттер: РНН 600900611860, БИН 080940006848, ИИК KZ44826Z0KZTD2004082, БИК ALMNKZKA, Кбе 16, «АТФ Банк» АҚ, Астана қ.

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

1. К публикациям принимаются статьи на казахском, русском, иностранных языках. В случаях, когда статьи публикуются на иностранном языке, прилагается нотариально заверенный текст перевода на казахский или русский язык. Рукописи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами.

2. Статьи авторов, не имеющих ученой степени, должны сопровождаться рецензией доктора или кандидата наук, или доктора философии PhD.

3. Рукописи статей принимаются в 1 экземпляре, набранных на компьютере, напечатанных на одной стороне листа с одинарным межстрочным интервалом, поля: левое - 30 мм, правое - 15 мм, верхнее - 20 мм, нижнее - 20 мм, а также электронный вариант со всеми материалами в текстовом редакторе «Word 7,0 (97, 2000) для Windows».

4. Объем рукописи (включая таблицы, список литературы, подписи к рисункам, рисунки) не должен превышать 10 страниц.

5. Объем рисунков не должен превышать 1/4 объема статьи.

6. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

- УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;

- заглавие статьи должно точно отражать содержание статьи и состоять из не более 8-10 значащих слов; технические параметры: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, заглавные, жирные, абзац центrovанный;

- инициалы и фамилия(-и) автора(-ов), а также полное название учреждения должны соответствовать следующим техническим параметрам: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Arial, абзац центrovанный;

- аннотация должна быть лишена вводных фраз, содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 15 строк, выполняться на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, межстрочный интервал – одинарный;

- текст статьи: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, межстрочный интервал – полуторный;

- статья начинается с введения, в котором очень кратко, сжато и лаконично отражается обоснование актуальности темы, формулировка научной проблемы (задачи);

- статья завершается формулировкой основного вывода, которая должна содержать конкретный ответ на вопрос, поставленный во введении;

- пристатейные ссылки и/или списки пристатейной литературы следует оформлять по ГОСТ 7.1 – 2003. Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления (ГОСТ 7.1 – 2003 Принят Межгосударственным Советом по стандартизации, метрологии и сертификации (протокол № 12 от 2 июля 2003 г.). Список работ представляется в порядке упоминания их в тексте. Все ссылки даются на языке оригинала (названия на японском, китайском и других языках, использующих нелатинский шрифт, пишутся в русской транскрипции). Сначала приводится список работ на казахском, русском языке и на языках с близким алфавитом (украинский, болгарский и др.), а затем - работы на языках с латинским алфавитом. Ссылки и примечания в рукописи обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки;

- таблицы помещаются после ссылки в тексте, нумеруются в порядке упоминания их в тексте, каждая таблица имеет свой заголовок. Диаграммы и графики не должны дублировать таблицы. Материал таблиц должен быть понятен без дополнительного обращения к тексту. Все сокращения, использованные в таблице, должны быть пояснены в Примечании, расположенном под ней;

- рисунки (только черно-белые) представляются отдельными файлами с расширением TIFF (*.TIF), или JPG (не встраивать в Word). На каждый рисунок должна быть одна ссылка в тексте, нумерация у рисунков – сквозная, подписи к рисункам должны содержать достаточно полную информацию;

- сокращения разрешаются применять только общепринятые — названия мер, физических, химических и математических величин и терминов и т. п.;

- математические формулы должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).

7. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются.

8. Рукопись и электронный вариант с материалами следует направлять по адресу: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, пр. Орынбор, 4, БЦ «Алтын Орда», 15 этаж. Национальная академия образования им. Б. Алтынсарина.

9. Контакты: тел. (8 7172) 57 66 49

E-mail:

bilim-edu.2003@mail.ru

// подписной индекс 75754

nao12@list.ru

// подписной индекс 75382

profkaz@mail.ru

// подписной индекс 75939

10. На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе: - Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы (для публикации в разделе «Наши авторы»);

- полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, E-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

- название статьи и фамилия (-и) автора (-ов) на казахском, русском и английском языках (для «Содержания»).

Реквизиты: РНН 600900611860, БИН 080940006848, ИИК KZ44826Z0KZTD2004082, БИК ALMNKZKA, Кбе 16, АО «АТФ Банк», г. Астана

Журналдың құрылтайшысы:

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігінде есепке тіркеліп,
2003 жылғы 15 қазанда №4334 Ж куәлігі берілген.*

Құрметті оқырмандар мен авторлар!

*Журналда жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына,
сондай-ақ стилистикалық қателерге авторлар жауапты.
Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз
көшіріп басуға болмайды.*

Уважаемые читатели и авторы!

*Опубликованные материалы в журнале не отражают точку зрения редакции.
Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях,
а также за стилистические ошибки несут авторы.
Перепечатка материалов, опубликованных в журнале,
допускается только с согласия редакции.*

Меншік иесі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК. 2000 жылдың мамырынан шыға бастады. Басылым 3 айда бір рет шығады.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2008 жылғы 30 желтоқсанда №9838-ж куәлігімен қайта тіркелді.

Учредитель: РГКП «Национальная академия образования им. БІ. Алтынсарина» Министерства образования и науки Республики Казахстан. Журнал издается с мая 2000 года. Периодичность раз в 3 месяца.

Поставлен на учет Министерством культуры и информации РК. Свидетельство № 9838-ж от 30.12.2008 г.

Мекенжайы:

Астана қ.,
Орынбор көшесі, 4
“Алтын Орда” БО, 15-қабат.
тел.: 8 (7172) 57-66-49
E-mail: bilim-edu.2003@mail.ru

Басуға 20.03.2015 ж. қол қойылды.

ш.б.т. - 5,2. RISO басылым.

Таралымы - 300 дана.

БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА-ның баспа орталығында басылып шығарылды.

